ӘБДІРАХМАНОВ Халиолла Нәбиоллаұлы (1916, Фурманов ауд., Батыс Қаз.обл. – 22.01.1945)

Астрахан педагогика институтын (1936), Москваның Буденный атындағы жоғары кавалаерия мектебін (1943) бітірген.

РККА-ға 1937-жылдың мамырында Батыс Қазақстан облысының Фурманов аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 15-гв. кав. дивизияның 55-гв. кав. полкі құрамында (қылышшылар эскадронының командирі). Аға лейтенант (09.1944).

«Жауынгерлік Қызыл Ту» (13.12.1943), Александр Невский (8.09.1944), «Қызыл Жұлдыз» (18.01.1944) ордендерімен, «Сталинградты қорғағаны үшін» медалімен (1943) марапатталған.

ӘБДІРАХМАНОВ Хасен (1921, Қарқаралы қ., Қарағанды обл.)

РККА-ға 1942-жылдың маусымында Өзбек ССР-інің Қарақалпақ АССР-індегі Қарақалпақ

аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 134-атқ. дивизиясының 515-атқ. полкінде: атқ. ротасы командирінің саяси орынбасары (1942-1943), 2-атқ. батальонының комсомол ұйымдастырушысы (1943); 738-атқ. полкі комсомол комитетінің секретары (1943-1944); 312-атқ. дивизиясы саяси бөлімі бастығының комсомол бойынша көмекшісі (1944-1945). Капитан (1944).

1-ші (30.08.1944) және 2-ші (22.02.1945) дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» (12.10.1943) ордендерімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен (7.06.1943) марапатталған.

ӘБДІРАХМАНОВ Шаяхмет (1911, Ақсу ауд., Алматы обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылы Алматы облысының Бөрлітөбе аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 1728-арт. полкі құрамында СУ-76 командирі. Кіші лейтенант.

1-ші (30.04.1945) және 2 мәрте



2-ші (31.03.1945, 6.04.1985) дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

ӘБДІРАХИМОВ Смаил (1921, Еңбекшілдер ауд., Алматы обл. – 6.07.1944, Белорусь ССР-і)

Қызыл Армияға 1941-жылы Алматы облысының Еңбекшілдер аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 44-гв.атқ. дивизиясының 130-гв.атқ.полкі құрамында (**пулемет взводының командирі**) 1944-жылдың б-шілдесінде қаза болған. **Лейтенант.**

Барановичи облысының Ляховическ ауданындағы Кобали деревнясының солтүстігіне жерленген.

ӘБДІРАШИТОВ Ғаббас (1918, Қызылорда обл. – 18.01.1945)

Қызыл Армияға Қызылорда қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 55-гв.атқ. дивизиясының 164-гв.атқ.полкі құрамында (**атқ.взводының командирі**) 1945-жылдың 18-қаңтарында ауыр жарақаттан

көз жұмған. **Гв.кіші лейтенант.**

ӘБДІРАШИТОВ Садық (1916, Солт.Қаз.обл.)

РККА-ға 1936-жылы Солтүстік Қазақстан облысының Ишим аудандық әскери комиссариатынан алынған. 1939-жылы әскери училищені лейтенант шенімен бітірген.

Ұлы Отан соғысында дала поштасы 47192-әскери бөлімі командирінің орынбасары болып, жау тылында арнайы тапсырма орындау кезінде 1943-жылдың сәуірінде хабарсыз кеткен. **Аға лейтенант** (1941).

ӘБДІРОВ Ажым (1917, №9-а., Байғанин ауд., Ақтөбе обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 17-мамырында Ақтөбе облысының Байғанин аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 48-гв. атқ. дивизиясының 138-гв.атқ. полкі құрамында **атқ.взводының командирі. Гв.кіші лейтенант.**

1-дәрежелі «Отан соғысы» (6.04.1985), **«Қызыл Жұлдыз»** (10.07.1944) ордендерімен, **«Сталинградты қорғағаны үшін»**



медалімен (1943) марапатталған.

ӘБДІРОВ Айтқали (1924, То-



полинск с., Бақсай ауд., Гурьев обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың тамызында Гурьев облысының Бақсай аудандық әскери комис-

сариатынан жіберілген. Батыс майданының кіші лейтенанттар училищесін бітірген (1944).

Ұлы Отан соғысында 63-атқ. дивизиясының 226-атқ.полкі құрамында пулемет взводының командирі. Кіші лейтенант.

1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен (2.02.1945), «Өжеттігі үшін» медалімен (22.12.1944) марапатталған.

ӘБДІРОВ Қабұлхан Шаймарданұлы (1923, №19-а., Баянауыл ауд., Павлодар обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың желтоқсанында РСФСР-дің Кемерово облысындағы Ленинск-Кузнецкий қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.

Жапониямен соғыста 1-Қиыр

Шығыс майданы, 258-атқ. дивизиясының 449-атқ.полкі құрамында телефон взводының командирі.

3 мәрте «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (20.08.1944, 18.08.1945, 28.09.1945).

ӘБДІРОВ Құлбай Құрмантайұлы (1916, Ақтөбе қ.)

РККА-ға 1938-жылдың қыркүйегінде Ақтөбе облысының мартук аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 24-дербес миномет полкі 214-арт. дивизионының әскери фельдшері. Гв.мед.қызм.аға лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (31.07.1944).

ӘБДІРОВ Нұртөлеу (1913, Қобда ауд., Ақтөбе обл. – 22.01.1945, Германия)

Қызыл Армияға Семей облысының Көкпекті аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 294-атқ. дивизиясының 859-атқ.полкі құрамында (взвод командирі) 1945-жылдың 22-қаңтарында оққа



ұшқан. **Кіші лейтенант.**

Германияның Визеград деревнясындағы зиратқа жерленген.

ӘБДІСАДЫҚОВ Әбдуәли (1921, Сырдария ауд., Қызылорда обл. – 12.02.1945)

Қызыл Армияға Қызылорда қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 9-гв. мехдивизияның 18-гв.мехполкі құрамында 1945-жылдың 12-ақпанында қаза болған. **Гв.лейтенант.**

ӘБДУАХИТОВ Қабдош (1918, Молотов ауд., Ақмола обл. – 22.06.1943)

Қызыл Армияға 1939-жылы Ақмола облысының Молотов аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1941-жылы кіші лейтенанттар курсы бітірген.

Ұлы Отан соғысында 124-атқ. дивизиясы құрамында 1943-жылдың 22-маусымында оққа ұшқан. **Кіші лейтенант.**

ӘБДІХАЛЫҚОВ Абдолла (1916)

Қызыл Армияда 1936-жылдан.

Ұлы Отан соғысында 717-атқ.полкінің барлау взводы командирін атқарып жүріп, 1943-жылдың 5-қаңтарында бір көзінен, аяғы мен қолынан айрылып, сол жылдың тамызында әскерден босатылған. **Лейтенант.**

1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (6.08.1946).

ӘБДІХАЛЫҚОВ Әлмұқан (1909, №2-а., Сырдария ауд., Қызылорда обл. – 14.01.1945)

Қызыл Армияға Қызылорда облысының Сырдария аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 116-атқ. дивизиясы құрамында 1945-жылдың 14-қаңтарында қаза болған. **Лейтенант.**

ӘБДІХАЛЫҚОВ Әшім (Есбол ауд., Гурьев обл.)

1942-жылдың шілдесінде Қызыл Армия қатарына алынып, Брянск майданы 3-армиясы 60-атқыштар дивизиясының 1282-атқыштар полкінде рота саяси жетекшісі, командирінің саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары болған. Майданда ауыр жарақат алып,



1943-жылдың ақпанында елге лейтенант шенімен оралады.

ӘБДІХАЛЫҚОВ Төлеу (1921, Ақтөбе обл.)

РККА-ға 1940-жылдың наурызында Ақтөбе облысының Табын аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 266-атқ. дивизиясының 832-арт.полкі құрамындағы 1-дивизионның барлау бастығы. Аға лейтенант.

2 мәрте 1-дәрежелі «Отан соғысы» (2.03.1945, 22.05.1945), «Қызыл Жұлдыз» (18.09.1944) ордендерімен, «Өжеттігі үшін» медалімен (8.02.1944) марапатталған.

ӘБДІХАНОВ Топамбай (1913, Абыралы ауд., Семей обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың 1-қаңтарында Семей облысының Жаңасемей аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 353-атқ. дивизиясының 1149-атқ.полкі құрамында атқ.взводының командирі. Лейтенант.

«Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған (29.01.1945).

ӘБДЕШОВ Жайықбай (1924, Гурьев к.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 15-тамызында Гурьев облыстық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 141-атқ.дивизиясының 687-атқ. полкі құрамында жаяу барлау взводының командирі. Лейтенант. 2 рет жараланған (28.09.1943, 4.04.1944).

2 рет «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (24.08.1944, 19.09.1944).

ӘБДІШЕВ Есбол Мамайұлы (1912, Жәнібек ауд., Батыс Қаз. обл.)

Орал ауылшаруашылығы техникумын бітірген (1931).

РККА-ға 1942-жылдың ақпанында Жәнібек аудандық әскери комиссариаты арқылы шақырылғанынша Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің нұсқаушысын атқарған.

Ұлы Отан соғысында 101-Қазақ дербес атқыштар бригадасы құрамында рота саяси жетешісі (1942), рота командирінің саяси орынбасары (1942-1943);



51-гв.атқ.дивизиясының 154-гв. атқ.полкі құрамындағы 1-атқ. батальонының партиялық ұйымдастырушысы (1943-1944), осы полк партия бюросының секретары (1944-1945), дивизия саяси бөлімінің нұсқаушысы (1945). Гв.капитан.

2-дәрежелі «Отан соғысы» (17.08.1944), «Қызыл Жұлдыз» (7.05.1944) ордендерімен марапатталған.

ӘБДІШЕВ Жүлгім (1915, Жәнібек ауд., Батыс Қаз.обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылы Батыс Қазақстан облысының Жәнібек аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 112-атқ. дивизиясының 385-атқ.полкі құрамында (пулемет взводының командирі) 1942-жылдың 9-қыркүйегінде Сталинград облысы аумағындағы ауыр ұрыстардың бірінде хабарсыз жоғалған. Лейтенант.

ӘБДІШЕВ Ысқақ Сағынұлы (1913)

Ұлы Отан соғысында 1-атқ.корпусының 302-кав.

полкі құрамында (эскадрон командирінің сап бойынша орынбасары) 1942-жылы хабарсыз жоғалған. Лейтенант.

ӘБЕЕВ Келімжан (1917, Ақтөбе обл.)

Қызыл Армияға 1943-жылдың 1-наурызында Ақтөбе облысының Бірғыз аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 46-гв. атқ.дивизиясының 522-дербес мед.сан.батальоны тіс емдеу кабинетінің бастығы. Гв.мед. қызм.лейтенанты.

«Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған (3.06.1945).

ӘБЕНОВ Асқар (1914, Ақмола обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 24-қыркүйегінде Ақмола облысының Есіл аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 140-атқ.дивизиясының 96-атқ.полкі құрамында атқ.взводының командирі. Лейтенант.

1945-жылдың 15-қаңтарында Харклов селосы үшін айқаста



қарсылас снайперлері мен пулеметтерін ыңғайлы орналастырып, біздің әскерді алға жылжитпайды. Осы кезде А.Әбенев өзінің взводоммен оларға білдірмей айналма әдісін қолданып, селоның тыл жағынан соққы беріп, бірнеше снайпер мен пулемет нүктелерін жойып, батальонының алға жылжуына мүмкіндік жасап береді.

17-қаңтарда жау Галанка селосына батальонды жақындатпай қойғанда тағы да, 1 шақырым қашықтағы Бел өзенінен взводоммен жасырынып өтіп, 2 рота фашистердің ту сыртынан автоматтары мен қол пулеметін оқ жаудырып, гранат лақтырып тап береді. Мұны тіптен күтпеген дұшпандар өлілері мен жараралыларын тастап, селодан қашып шығады. Осы шайқаста взвод командирі 7 немісті мәңгілікке жер жастандырады.

Александр Невский орденімен (4.02.1945), «Өжеттігі үшін» медалімен (6.06.1945) марапатталған.

ӘБЕНОВ Әлібай (1912, Қызылорда обл.)

Қызыл Армияға 1943-жылдың

мамырында Қызылорда облысының Сырдария аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 74-гв. атқ. дивизиясының 226-гв. атқ. полкі құрамындағы **2-атқ. батальонының партия ұйымдастырушысы. Лейтенант.**

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (16.06.1945).

ӘБЕНОВ Дәулет (1916, Қаражар с., Атбасар ауд., Ақмола обл.)

РККА-ға 1937-жылдың 12-желтоқсанында Ақмола облысының Атбасар аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 87-жылжымалы авиациялық жөндеу базасы **1-шеберханасының бастығы. Аға техник-лейтенант.**

«Жауынгерлік еңбегі үшін» (17.06.1945), «Москваны қорғағаны үшін» (1944) медальдарымен марапатталған.

ӘБЕНОВ Жаңбырбай (1922, Шымкент қ. – 21.08.1943, Орел обл.)

Қызыл Армияға Шымкент



қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 217-атқ. дивизиясының 755-атқ. полкі құрамында (**атқ. ротасының командирі**) 1943-жылдың 21-тамызында оққа ұшқан. **Лейтенант.**

Орел облысының Карачевский ауданындағы Селище деревнясына жерленген.

ӘБЕНОВ Зайнолла (1913, №6-а., Қорған ауд., Қостанай обл. – 25.06.1944, Белоруссия)

Қызыл Армияға 1941-жылдың 5-қарашасында Қостанай облысының Қостанай аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 8-гв.атқ. дивизиясының 30-гв.атқ. полкінде **батарея командирінің саяси орынбасары** (1941-1943). 90-гв. атқ. дивизиясының 268-гв.атқ. полкінде (батарея командирі) 1944-жылдың 25-маусымында қаза тапқан. **Г.в.аға лейтенант.**

«Өжеттілігі үшін» медалімен марапатталған (23.04.1943).

Витевск облысының Ушатск ауданындағы Новое Житье деревнясына жерленген.

ӘБЕНОВ Ибатолла (1915, Қарағанды обл.)

Қызыл Армияға запастан 1941-жылы Қарағанды облыстық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 106-кав. дивизиясының 307-кав. полкі **артиллерия батареясының саяси жетекшісі. Кіші политрук (лейтенант).** 1943-жылдың мамырында хабарсыз кеткен.

ӘБЕНОВ Кәкен (1923, Павлодар обл.)



Р К К А - ға 1942-жылдың қаңтарында Павлодар облысының Лозовск аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 47-атқ. дивизиясының 334-атқ. полкі құрамында **1-атқ. батальонының комсомол ұйымдастырушысы. Лейтенант.**

«Жауынгерлік Қызыл Ту» (16.11.1944), **«Қызыл Жұлдыз»** (1.04.1945) ордендерімен марапатталған.



ӘБЕНОВ Қақалиш (1923, Утера с., Теңіз ауд., Гурьев обл. – 1.08.1943, Украина)

Қызыл Армияға Гурьев облысының Теңіз аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 24-гв. атқ. дивизиясы құрамында 1943-жылдың 1-тамызында қаза тапқан. **Лейтенант.**

Донецк облысының Куйбышев ауданындағы Мариновка селосына жерленген.

ӘБЕНОВ Қамар (1918, Алағұл с., Железинск ауд., Павлодар обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың мамырында Павлодар облысының Орлытөбе аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 269-атқ. дивизиясының 1020-атқ. полкі құрамында **атқ. взводының командирі. Лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (4.04.1944).

ӘБЕНОВ Муса (1924, Түркістан ауд., Оңт. Қаз. обл. – 11.01.1945)

Қызыл Армияға 1942-жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал аудандық әскери ко-

миссариатынан шақырылған. 1943-жылы кіші лейтенанттар курсы бітірген.

Ұлы Отан соғысында 146-атқ. дивизиясының 512-атқ. полкі құрамында (**пулемет ротасының командирі**) 1945-жылдың 11-қаңтарында Польшаны азат етуде ауыр жарақаттан қаза болған. **Лейтенант.**

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (27.09.1944).

ӘБЕНОВ Нұриден (1916, Тельман ауд., Қарағанды обл. – 27.05.1943)

Қызыл Армияға 1937-жылдың қазанында Қарағанды облысының Тельман аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Хасан көліндегі шайқасқа қатысқан (1938). Ұлы Отан соғысында 55-гв. атқ. дивизиясының дербес оқу-жаттығу батальоны арт. жабдықтау бастығы. **Техник-лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (7.06.1943).

Ауыр жараланумен №493-жыл-жымалы далалық госпита



ӘБЕНОВ Рахым (1924, Ұлытау ауд., Қарағанды обл. – 25.12.1944, Латвия)

Қызыл Армияға 1942-жылы Қарағанды облысының Ұлытау аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1943-жылы кіші лейтенанттар курсы бітірген.

Ұлы Отан соғысында 306-атқ. дивизиясы 938-атқ. полкі құрамында (взвод командирі) 1944-жылдың 25-желтоқсанында қаза тапқан. **Кіші лейтенант.**

ӘБЕНОВ Смағұл (1914, Ақтөбе с., Тельман ауд., Қарағанды обл.)

РККА-ға 1941-жылдың шілдесінде Қарағанды қаласының Киров аудандық әскери комиссариатынан аттанған.

Ұлы Отан соғысында 3-атқ. дивизиясының 18-атқ. полкі құрамында пулемет взводының командирі. **Аға лейтенант.**

«Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған (25.09.1945).

ӘБЕНОВ Талғат

Ұлы Отан соғысында 1104-атқ. полкі құрамында (атқ. взводының командирі) 1943-жылдың

29-қазанында қаза тапқан. **Лейтенант.**

РСФСР-дің Смоленск облысындағы Руднянский ауданының Буцы деревнясына жерленген.

ӘБЕНОВ Тасан (1921, Жанақорған ауд., Қызылорда обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың 27-маусымында Қызылорда облысының Жанақорған аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында **16-далалық бөлімдерге бөлу пунктiнiң комсомол ұйымдастырушысы. Лейтенант.**

«Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған (22.08.1945).

ӘБЕНОВ Шайхы (1910, №1-а., Қарақаралаы ауд., Қарағанды обл. – 8.08.1944)

Қызыл Армияға Алматы облысытқ әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 323-атқ. дивизиясының 1090-атқ. полкі құрамында (пулемет взводының



командирі) 1944-жылдың 8-тамызында қаза болған. **Кіші лейтенант.**

Белосток облысының Лапск ауданындағы Старая Лупянка деревнясына жерленген.

ӘБЕТОВ Әбдуали (1919, Ырғыз ауд., Ақтөбе обл. – 18.02.1944)

Қызыл Армияға 1940-жылдың 4-қазанында Ақтөбе облысының Ырғыз аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 139-атқ. дивизиясының дербес шаңғы батальоны құрамында **пулемет взводының командирі**. 1944-жылдың 18-ақпанында қаза тапқан. **Лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (17.02.1944).

ӘБЕУОВ Мұқаш (1918, Қарағанды обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылдың 15-қазанында Қарағанды облысының Шет аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 4-атқ. дивизиясының 1255-атқ. полкі құрамында **атқ. взводының командирі**. **Кіші лейтенант.**

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (6.08.1946).

ӘБЕУОВ Тілекқабыл (1917, Қарағанды обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылы Қарағанды облысының Шет аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 156-атқ. дивизиясының **434-арт. полкі құрамында зеңбірек взводының командирі**. **Лейтенант.**

2-дәрежелі «Отан соғысы» (24.08.1944), **«Қызыл Жұлдыз»** (17.07.1944) ордендерімен, **«Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен** (9.03.1943) **марапатталған.**

ӘБЕУОВ Тілеубек (1918, Қатбар с., Шет ауд., Қарағанды обл.)

РККА-ға 1939-жылдың 16-қыркүйегінде Алматы қаласының Сталин аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 120-гв. дербес зенит. арт. полкі құрамында **зеңбірек взводының командирі**. **Гв. аға лейтенант.**

1-дәрежелі «Отан соғысы»



(1.08.1986), «Қызыл Жұлдыз» (27.05.1945) ордендерімен, «Өжеттігі үшін» медалімен (16.10.1944) марапатталған.

ӘБЖАНОВ Мағзом (1900, №3-а., Қорғалжын ауд., Ақмола обл.)

Қызыл Армияға 1943-жылдың тамызында Қарағанды облыстық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 41-гв.атқ. дивизиясының 122-гв.атқ.полкі құрамындағы атқ.батальонының партия ұйымдастырушысы. Гв.аға лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (12.01.1945).

ӘБЖАНОВ Мұқаш (1918, Баянауыл ауд., Павлодар обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылдың қазанында Қырғыз ССР-інің Фрунзе қалалық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 117-гв.арт. бригада құрамында зеңбірек взводының командирі. Лейтенант.

2-дәрежелі «Отан соғысы» (1.08.1944), «Қызыл Жұлдыз» (20.04.1943) ордендерімен марапатталған.

ӘБЖАНОВ Нағашыбай (1924, Куйбышевск с., Арал ауд., Қызылорда обл. – 9.02.1945)

Қызыл Армияға 1942-жылы Ақтөбе облыстық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 328-атқ. дивизиясының 1103-атқ.полкі құрамында (атқ.взводының командирі) 1945-жылдың 9-ақпанында ауыр жарақаттан дүние салған. Кіші лейтенант.

«Жауынгерлік Қызыл Ту» орденімен марапатталған (19.02.1945).

ӘБЖАНОВ Төкен (1916, Ақмола қ. – 28.08.1943)

Қызыл Армияға 1941-жылдың 17-шілдесінде Ақмола облысының Ақмола аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 52-атқ. дивизиясының 429-атқ.полкі тамақтандыру-қаржы қызметі бастығының көмекшісі. 1943-жылдың 28-тамызында қаза тапқан. Кіші лейтенант.

1943-жылдың 28-ақпаны мен 3-наурызы аралығында полк штабы мен екі батальон



қоршауда қалғанда - тамақ қорын шеберлікпен сақтаған, жылжымалы қойманы өзі басқарған, оның үстіне 3-наурызда взводпен барлауға барғанында немістің екі офицерін өлтіруге қатысқан.

«Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған (30.04.1943).

ӘБЖАНОВ Юсуп (1922, Жамбыл обл. – 30.12.1943)

Қызыл Армияға 1941-жылы Жамбыл облысының Жамбыл аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 37-гв.атқ. дивизиясының 118-гв.атқ.полкі құрамында (**миномет ротасының командирі**) 1943-жылдың 30-желтоқсанында оққа ұшқан. **Лейтенант.**

ӘБЖӘЛЕЛОВ Қабен (1918, №15-а., Торғай ауд., Қостанай обл. – 13.08.1943)

Қызыл Армияға 1939-жылдың 23-қазанында Орал қалалық әскери комиссариатынан шақырылған. 1942-танк училищесін бітірген.

Ұлы Отан соғысында Калинин майданының 11-гв.дербес танк

полкі құрамында 1943-жылдың 13-тамызында қаза болған. **Гв.техник-лейтенант.**

ӘБЗЕЕВ Дубек Жәкеұлы (1922, Семей обл. – 21.01.1944)

Қызыл Армияға 1941-жылы Семей облысының Жарма аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 56-армиялық айыптылар ротасында **взвод командирі. Лейтенант.**

2-дәржелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (12.02.1943).

ӘБИҒАЛИЕВ Сағынғали (1924, Гурьев обл.)

РККА-ға 1942-жылы Гурьев облысының Есбол аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында атқ. взводының командирі. **Аға лейтенант.**

ӘБИЕВ Қазғанбай Қияқбайұлы (1922, Жезқазған п., Қарағанды обл.)

РККА-ға 1942-жылдың 13-қаңтарында Қарағанды облысының Жезқазған аудандық



әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 18-гв.атқ. дивизиясының 51-гв.атқ.полкі құрамындағы 2-атқ.батальонының партиялық ұйымдастырушысы (1943-1944), 97-атқ.дивизиясының 136-атқ.полкі құрамындағы 1-атқ. батальоны командирінің саяси орынбасары (1944-1945). Гв.аға лейтенант.

1-ші (6.04.1985) және 2 мәрте 2-ші (17.08.1944, 3.09.1945) дәрежелі «Отан соғысы», 2 мәрте «Қызыл Жұлдыз» (30.10.1942, 9.09.1945) ордендерімен марапатталған.

ӘБИЕВ Қали Ахметұлы (1917, Успенский п., Жаңаарқа ауд., Қарағанды обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың маусымында Қарағанды облысының Қарқаралы аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 8-гв.атқ. дивизиясының 19-гв.атқ.полкі құрамында атқ.взводының командирі. Гв.лейтенант.

Александр Невский (19.01.1945), 2-дәрежелі «Отан соғысы» (23.12.1985),

«Қызыл Жұлдыз» (1.11.1944) ордендерімен, «Сталинградты қорғағаны үшін» медалімен (1943) марапатталған.

ӘБИЕВ Оңайбай (1924, Ақтөбе с., Маңғыстау ауд., Гурьев обл. – 13.11.1944, Чехословакия)

Қызыл Армияға 1941-жылдың желтоқсанында, 17 жасында өз еркімен Гурьев облысының Маңғыстау аудандық әскери комиссариатынан алынған. 1942-жылдың желтоқсанында кіші лейтенанттар курсы бітірген.

Ұлы Отан соғысында 359-атқ. дивизиясының 1198-атқ.полкі құрамында (атқ.взводының командирі) 1944-жылдың 13-қарашасында қаза тапқан. Кіші лейтенант.

Чехословакияның Стрпоковск ауданындағы Крайна порубка селосына жерленген.

ӘБИЖАНОВ Тәңірберген (1917, Алматы обл. – 30.08.1943)

РККА-ға 1937-жылы Алматы облысының Ақсу аудандық әскери комиссариатынан алынған. 1939-жылы әскери училищені лейтенант шенімен бітірген.



Ұлы Отан соғысында 208-атқ. дивизиясының 435-атқ.полкі құрамында **атқ.ротасының командирі**, батальон командирінің сап бойынша **орынбасары**. 1943-жылдың 30-тамызында қаза тапқан. **Аға лейтенант** (1941).

Смоленск облысының Ельнинск ауданындағы Рябинка селосына жерленген.

ӘБИТБЕКОВ Дәуірқұл (1923, Жамбыл обл. – 18.03.1943)

Қызыл Армияға 1942-жылы Жамбыл облысының Мерке аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 28-гв. атқ. дивизиясы құрамында 1943-жылдың 18-наурызында оққа ұшқан. **Кіші лейтенант**.

ӘБИТОВ Қажымұрат (1916, Куйбышев с., Орджоникидзе ауд., Ташкент обл. – 11.02.1943)

Қызыл Армияға 1936-жылы Орал қалалық әскери комиссариатынан алынған. 1939-жылы жаяу әскер училищесін лейтенант шенімен бітірген.

Ұлы Отан соғысында 58-мех-

бригада құрамында (**батальон командирінің орынбасары**) 1943-жылдың 11-ақпанында қаза болған. **Аға лейтенант** (1941).

ӘБИТОВ Махмұт Исқалиұлы (1920, Новая Земница с., Куйбышев обл., РСФСР – 17.07.1943, РСФСР)

Қызыл Армияға Тәжік ССР-інің Сталинабад облыстық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 28-зенит-арт. дивизиямы құрамында **барлау взводының командирі**. **Кіші лейтенант**.

Орел облысының Новосельский ауданындағы Сетуха деревнясына жерленген.

ӘБИТОВ Орынғали Есмұхамедұлы (1924 – 20.07.1944, РСФСР)

Ұлы Отан соғысында 901-атқ. полкі құрамында (**атқ. взводының командирі**) 1944-жылдың 20-шілдесінде қаза тапқан. **Лейтенант**.

Калинин облысының Красногородский ауданындағы Какшино деревнясына жерленген.



ӘБСӘЛЕМОВ Әбутәлі
Асылқұлы (1915, Алматы қ. –
20.12.1941, РСФСР)

РККА-ға 1935-жылы Алматы облысының Алматы аудандық әскери комиссариатынан алынған. Әскери училищені лейтенант шенімен бітірген (1937).

Ұлы Отан соғысында 388-атқ. дивизиясының 778-атқ. полкі құрамында (батальон командирі) 1941-жылдың 20-желтоқсанында Севастопольді қорғауда қаза болған. **Аға лейтенант** (1939).

Қырым АССР-інің Севастополь қаласына (Мекензиев тауы станциясының мағы) жерленген.

ӘБСӘЛЕМОВ Бақи Қадырұлы
(1919, Қарқаралы қ., Қарағанды обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылдың 15-қыркүйегінде Қарағанды облысының Қарқаралы аудандық әскери комиссариатынан аттанған.

Ұлы Отан соғысында 79-жеңіл арт.бригадасының 871-жеңіл арт. полкі құрамындағы 1-дивизионның барлау бастығы. **Лейтенант.**

2-дәрежелі «Отан соғысы» (28.10.1944), «Қызыл Жұлдыз»

(18.05.1944) ордендерімен, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен (1943) марапатталған.

ӘБСЕЙІТОВ Райымбек (1921, Қызылорда обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылы Қызылорда облысының Арал аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 51-гв. атқ. дивизиясының 158-гв. атқ. полкі құрамындағы 3-атқ. батальонының комсомол ұйымдастырушысы. **Гв. кіші лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (29.08.1943).

Ә Б Т И Е В Х ай ы р х а н
Тасмұханұлы (1912, Ақтөбе обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылы Ақтөбе қалалық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 13-гв. кав. дивизияның 250-танк полкі құрамында танкке қарсы взвод командирі. **Кіші лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (1.06.1944).



ӘБУБӘКІРОВ Айдынғали (1910, Солт.Қаз.обл.)

РККА-ға 1931-жылы Солтүстік Қазақстан облысының Чкалов аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 3-кав. дивизияның 60-кав.полкі штабы бастығының көмекшісі (1940-1941). Аға лейтенант.

«Жауынгерлік Қызыл Ту» орденімен марапатталған (29.12.1941).

ӘБУБӘКІРОВ Арыстан Әбубәкірұлы (1919, Қостанай обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылдың 1-қазанында Алматы қаласының Сталин аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 219-атқ. дивизиясының 375-атқ.полкі құрамында санитарлық взвод командирі. Мед.қызм.кіші лейтенанты.

2 мәрте «Қызыл Жұлдыз» орденімен (3.08.1944, 27.10.1944), 2 рет «Өжеттігі үшін» медалімен (17.06.1943, 20.04.1944) марапатталған.

ӘБУБӘКІРОВ Әбір (1924, Доссор п., Мақат ауд., Гурьев обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 18-тамызында Гурьев облысының Мақат аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 68-гв.атқ. дивизиясының 202-гв.атқ.полкі құрамында миномет взводының командирі. Гв.лейтенант.

2 мәрте 2-дәрежелі «Отан соғысы» (30.04.1945, 6.04.1985), «Қызыл Жұлдыз» (16.04.1944) ордендерімен марапатталған.

ӘБУБӘКІРОВ Қаңтарбай (1907, №4-а., Ақтөбе ауд., Ақтөбе обл. – 12.10.1943, Украина)

Қызыл Армияға 1942-жылдың наурызында Ақтөбе қалалық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 69-гв. атқ.дивизиясы құрамында (атқ.взводының командирі) 1943-жылдың 12-қазанында оққа ұшқан. Кіші лейтенант.

Полтава облысының Градижск қаласындағы бауырластар зиратына жерленген.

ӘБУБӘКІРОВ Құрманғали (1908, Қызылқоға ауд., Гурьев



обл. – 4.01.1944)

РККА-ға 1941-жылы Қызылорда қалалық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 16-дербес танкке қарсы бригаданың 489-танкке қарсы полкі құрамында (батарея командирі) 1944-жылдың 4-қаңтарында қаза тапқан. Аға лейтенант (1943).

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (16.10.1943).

ӘБУБӘКІРОВ Мұстафа (1908, Ақмола қ.)

РККА-ға 1932-жылы Ақмола қалалық әскери комиссариатынан кеткен.

Екінші дүниежүзілік соғыста 50-атқ. дивизиясы саяси бөлімінің аға нұсқаушысы (1939-1941); 60-атқ. бригадасының комиссары болып Москваны қорғауға қатысқан (1941-1942). Полковник (1945).

«Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған (28.02.1942).

ӘБУҒАЗИЕВ Лиман (1920, Ақтөбе обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылы Ақтөбе облысының Ойыл

аудандық әскери комиссариатынан алынған. 1941-жылы әскери училищені лейтенант шенімен бітірген.

Ұлы Отан соғысында 3-дербес атқ. бригадасының 76-атқ. полкі құрамында (рота командирі) 1941-жылдың 12-қазанында хабарсыз кеткен. Лейтенант.

Ә Б У Ғ А Л И Е В Н ә б и Әбуғалиұлы (1917, Шет ауд., Қарағанды обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың 10-қазанында Қарағанды облысының Балхаш аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 22-атқ. дивизиясының 211-атқ. полкі құрамында жабдықтау взводының командирі. Лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (12.08.1945).

ӘБУОВ Әбдуәли (1921, Ташкент обл., Өзбек ССР-і)

Қызыл Армияға 1940-жылы Өзбек ССР-інің Ташкент облысындағы Жоғарғы Шыршық аудандық әскери комиссариатынан



жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 20-гв.атқ. дивизиясының 55-гв.атқ.полкі құрамында атқ.взводының командирі. Гв.лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (16.09.1944).

ӘБУОВ Әбдібаит (1907, Алматы обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 25-наурызында Алматы облысының Еңбекшіқазақ аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 17-гв.атқ. дивизиясы мен 41-армия саяси бөлімдерінің үгітшісі. Лейтенант. 1942-жылдың 7-желтоқсанында аяғынан ауыр жараланып, мүгедек ретінде әскерден босатылған.

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (14.04.1945).

ӘБУОВ Ғайса (1915, Қызылорда обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылдың желтоқсанында Қызылорда облысының Сырдария аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 155-атқ. дивизиясының 306-арт.полкі құрамында зеңбірек взводының командирі. Лейтенант.

2 мәрте «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (13.06.1943, 27.01.1945).

ӘБУОВ Естай (1912, Оңт.Қаз. обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Шәуілдір аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 240-атқ. дивизиясының 931-атқ.полкі құрамында атқ.взводының командирі. Кіші лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (25.11.1944).

ӘБУОВ Қабдырхаман (1924, Ұзынкұлақ ауд., Қостанай обл. – 7.02.1944)

Қызыл Армияға 1942-жылы Қостанай облысының Ұзынкұлақ аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 48-атқ. дивизиясының 328-атқ. полкі құрамында 1944-жылдың 7-ақпанында ауыр жарақаттан көз



жұмған. **Кіші лейтенант.**

ӘБУОВ Төрежан (1924, Топово с., Оңт.Қаз.обл. – 28.08.1943, Украина)

Қызыл Армияға Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 12-гв.атқ. дивизиясының 32-гв.атқ.полкі құрамында (**атқ.взводының командирі**) ауыр жараланудан №3536-далалық госпитальде 1943-жылдың 28-тамызында көз жұмған. **Лейтенант.**

Ворошиловград облысының Ровно ауданындағы Дзержинск азаматтық зиратына жерленген.

ӘБУОВ Тұраш (1922, Жамбыл ауд., Жамбыл обл.)

РККА-ға 1941-жылдың желтоқсанында Алматы қаласының Сталин аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 1-атқ. дивизиясы саяси бөлімінің **412-атқ. полкіндегі үгітшісі. Капитан.**

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (20.09.1944).

ӘБУОВ Уәлихан (1924, Баянауыл ауд., Павлодар обл.)

Қызыл Армияға 1943-жылдың 20-наурызында Павлодар облысының Баянауыл аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 23-гв. атқ.бригадасы құрамында **атқ. взводының командирі. Гв.кіші лейтенант.**

2-дәрежелі «Отан соғысы» (6.04.1985), «Қызыл Жұлдыз» (15.07.1945) ордендерімен марапатталған.

ӘБЕКЕЕВ Әбдірахмет Әбілұлы (1910, Баянауыл ауд., Павлодар обл. – 22.08.1944)

Қызыл Армияға Павлодар облысының Баянауыл аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 107-танк бригадасы құрамында 1944-жылдың 22-тамызында қаза болған. **Кіші лейтенант.**

ӘБЕКЕЕВ Ибрагим Әбілұлы (1914, №9-а., Баянауыл ауд., Павлодар обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың



12-желтоқсанында Қарағанды қаласындағы Киров аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 39-танкке қарсы бригада құрамында **зеңбірек взводының командирі. Лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен (4.05.1945), «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен (22.12.1942) марапатталған.

ӘБІЛБЕКОВ Хамит (1914, Қаратөбе а., Шымкент ауд., Оңт. Қаз.обл. – 6.01.1944)

Қызыл Армияға Шымкент қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 213-атқ. дивизиясы құрамында 1944-жылдың 6-қаңтарында оқ ұшқан. **Кіші лейтенант.**

ӘБІЛҒАЗИН Хамза Әубәкірұлы (1919, Баянауыл ауд., Палодар обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылы Павлодар облысының Баянауыл аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 20-гв.атқ. бригадасының 463-дербес арт.

дивизионы құрамында **батарея командирі. Лейтенант.**

Александр Невский (30.04.1944), «Қызыл Жұлдыз» () ордендерімен, «Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған.

ӘБІЛДАЕВ Әптекер (№7-а., Тереңөзек ауд., Қызылорда обл. – 19.08.1944)

Қызыл Армияға Қызылорда облысының Тереңөзек аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 126-атқ. дивизиясының 690-атқ. полкі құрамында (**миномет взводының командирі**) 1944-жылдың 19-тамызында оққа ұшқан. **Кіші лейтенант.**

ӘБІЛДАЕВ Жапар (1917, Шу қ., Жамбыл обл. – 24.01.1945)

Қызыл Армияға 1937-жылы Жамбыл облысының Шу аудандық әскери комиссариатынан алынған. Әскери училищені лейтенант шенімен бітірген (1940).

Екінші Дүниежүзілік соғысқа қатысушы (1940, Финляндия). Ұлы Отан соғысында 354-атқ. дивизиясы құрамында



1945-жылдың 24-қаңтарында қаза тапқан. **Аға лейтенант** (1942).

ӘБДІЛДАЕВ Сейпілқазы (1924, Фрунзе ауд., Алматы обл. – 13.02.1945)

Қызыл Армияға 1942-жылы Алматы қаласының Фрунзе аудандық әскери комиссариатынан барған. 2-Украин майданының кіші лейтенанттар курсы бітірген (1944).

Ұлы Отан соғысында 228-атқ. дивизиясының 767-атқ. полкі құрамында (**атқ. взодының командирі**) 1945-жылдың 13-ақпанында оққа ұшқан. **Кіші лейтенант**.

ӘБІЛДАЕВ Сыламбек (1918, Жамбыл обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылдың қыркүйегінде Жамбыл облысының Сарысу аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 22-гв. атқ. дивизиясының 165-гв. атқ. полкі құрамында **атқ. ротасының командирі. Лейтенант**.

«Өжеттігі үшін» медалімен **марапатталған** (6.11.1947).

ӘБІЛДАЕВ Төлеген (1922, Жалағаш ауд., Қызылорда обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың 9-желтоқсанында Қызылорда облысының Қармақшы аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 43-армияның 120-дербес ауыр танк полкі құрамында **аға механик. Кіші техник-лейтенант**.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен **марапатталған** (18.12.1945).

ӘБІЛДИН Ахмет (1923, Елтай с., Сталин ауд., Ақмола обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 1-сәуірінде Ақмола облысының Сталин аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 186-дербес армиялық арт. зенит. полк құрамында **взвод командирі. Кіші лейтенант**.

2-дәрежелі «Отан соғысы» (6.04.1985), «Қызыл Жұлдыз» (26.06.1945) **ордендерімен марапатталған**.

ӘБІЛДИН Әбіл (1917, Павлодар қ. – 4.09.1943)

Қызыл Армияға 1939-жылдың қарашасында Солтүстік Қазақстан



облысының Булаев аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 326-атқ. дивизиясының 1101-атқ. полкі құрамында (рота командирі) 1943-жылдың 4-қыркүйегінде қаза болған. **Лейтенант.**

«Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған (30.08.1943).

ӘБІЛДИН Қабидолла (1916, Ақмола қ.)

РККА-ға 1936-жылы Ақмола қалалық әскери комиссариатынан алынған. 1938-жылы әскери училищені лейтенант шенімен бітірген.

Ұлы Отан соғысында: **50-гв.атқ. дивизиясының 406-гв.атқ. полкінде атқ. ротасы командирінің саяси орынбасары (1941-1943), 148-гв.атқ. полкі құрамында батальон командирінің саяси орынбасары (1943).** 1943-жылдың 23-тамызында ауыр жарақаттан мүгедек ретінде әскерден босатылған. **Гв.аға лейтенант (1941).**

2-дәрежелі «Отан соғысы» (29.09.1943), «Қызыл Жұлдыз» (9.12.1942) ордендерімен

марапатталған.

ӘБІЛДИН Қамидолла (1915, Ақмола ауд., Ақмола обл. – 23.01.1942, Новосельск с., Ульяновск ауд.)

Қызыл Армияға Ақмола облысының Ақмола аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 61-армия, 387-атқ. дивизиясының 1273-атқ. полкі құрамында (**1-пулемет ротасының саяси жетекшісі**) 1942-жылдың 23-қаңтарында қаза тапқан. **Кіші политрук (лейтенант).**

ӘБІЛДИН Құсайын (1924, Қарағанды обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 12-қыркүйегінде Қарағанды облысының Жаңарқа аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 52-гв. атқ. дивизиясының 153-гв. атқ. полкі құрамында **атқ. взводының командирі. Гв.кіші лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (25.09.1944).



ӘБІЛДИНОВ Бақи Әбілдаұлы
(1913, Ақмола обл.)

РККА-ға 1941-жылы Ақмола облысының Еңбекшілдер аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 461-армиялық зениттік-арт. полк тамақтандыру қызметінің бастығы. Интенд.қызм.аға лейтенанты.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (22.02.1944).

ӘБІЛДИНОВ Болат (1915, Баян с., Павлодар обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылы Павлодар облысының Павлодар аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 110-атқ. дивизиясының 971-арт.полкі құрамындағы 1-дивизионның партиялық ұйымдастырушысы (1943-1945). Аға лейтенант.

«В наступательных боях с 25 июня 1944 года хорошо организовал партийную работу, вследствие чего, коммунисты заняли авангардную роль в наступательных боях.»

В бою 7 июля 1944 года под де-

ревни Дергачи, тов.Абельдинов организовал группой бойцов круговую оборону и в течении семи часов держал порученный ему рубеж. В этом бою огнем из своего автомата уничтожил 13 немцев.

Когда иссякли боеприпасы у противника, тов.Абельдинов поднял людей в атаку и захватил 17 немцев в плен.

Командир 971-арт.полка гв.майор Лосев

Зам.командира по политчасти майор Барминов

12 июля 1944 года»

2 мәрте 2-дәрежелі «Отан соғысы» (30.04.1945, 6.04.1985), **«Қызыл Жұлдыз»** (23.09.1944) ордендерімен, **«Өжеттігі үшін»** медалімен (8.12.1943) марапатталған.

ӘБІЛДИНОВ Ғазиз Жолдыбайұлы (1920, Баянауыл ауд., Павлодар обл. -5.12.1942, РСФСР)

Қызыл Армияға Павлодар облысының Баянауыл аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 373-атқ. дивизиясы құрамында (82 мм ми-



нomet взводиның командирі)
1942-жылдың 5-желтоқсанында
ауыр жарақаттан қаза болған. **Кіші
лейтенант.**

*Калинин облысының Молодотуд-
ский ауданындағы Овчинники де-
ревнясына жерленген.*

ӘБІЛДИНОВ Доман (1913,
Ақмола обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылдың
1 - қыркүйегінде Ақмола
облысының Есіл аудандық әскери
комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 7-зенит.
арт. дивизияның **465-зен. арт. полкі**
құрамында взвод командирі.
Кіші лейтенант.

3-дәрежелі «Даңқ» орденімен
(15.09.1944), **«Жауынгерлік**
еңбегі үшін» медалімен
(8.04.1944) **марапатталған.**

ӘБІЛДИНОВ Емлейхан (1925,
Форпост с., Ново-Шульбинск ауд.,
Семей обл. – 12.07.1944)

Қызыл Армияға 1943-жылдың
ақпанында Семей облысының
Ново-Шульбинск аудандық
әскери комиссариатынан алынған.
1944-жылдың ақпанында кіші лей-
тенанттар курсы бітірген.

Ұлы Отан соғысында 360-мото-
атқ. бригадасы құрамында
(**атқ. взводиның командирі**)
1944-жылдың 12-шілдесінде қаза
тапқан. **Кіші лейтенант.**

ӘБІЛДИНОВ Сіләмхан
Байғабылұлы (1925, Ново-
Шульбинск ауд., Семей обл. –
29.03.1945, Польша)

Қызыл Армияға 1943-жылдың
22-қаңтарында Семей облысының
Ново-Шульбинск аудандық әскери
комиссариатынан алынған.
1944-жылдың ақпанында кіші лей-
тенанттар курсы бітірген.

Ұлы Отан соғысында 321-атқ.
дивизиясының 74-атқ. полкінде
(1944), 46-атқ. дивизиясының 314-
атқ. полкінде (1944-1945) **атқ.**
взводиның командирі. Кіші
лейтенант.

*«В боях с 15 по 23 марта 1945
года на подступах к городу Дан-
циг, мл. лейтенант Абельдинов
умело командуя стрелковым взво-
дом после арт. подготовок, не-
сколько раз со своим взводом пер-
вым врывался в траншеи против-
ника, уничтожая сопротивляв-
шихся гитлеровцев. Своим взво-
дом за этот период он взял в плен*



46 гитлеровских солдат и уничтожил более 20-ти немцев.

Лично сам, много раз рискуя жизнью, всегда находился в первых рядах наступающих стрелков, личным примером воодушевляя бойцов своего взвода.

За мужество и отвагу, проявленные в бою достоин награждения Правительственной наградой – орденом «Отечественная война» второй степени.

Командир 314-стр.полка полковник Смольников

12 апреля 1945 года»

1945-жылдың 29-наурызында ауыр жарақаттан көз жұмған.

2-дәрежелі «Отан соғысы» (19.05.1945), «Қызыл Жұлдыз» (13.12.1944) ордендерімен марапатталған.

Польшаның Прауст қаласына (оңтүстік шеті) жерленген.

ӘБІЛЕВ Әйіп (1915, Солт.Қаз. обл.)

РККА-ға 1941-жылдың маусымында Солтүстік Қазақстан облысының Совет аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 173-гауб.арт.бригаданың 1159-гауб.

арт.полкі құрамында **зеңбірек взводының командирі. Аға лейтенант.**

2-дәрежелі «Отан соғысы» (6.04.1985), «Қызыл Жұлдыз» (30.09.1945) ордендерімен, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен (22.12.1942) марапатталған.

ӘБІЛЕВ Әмірбай (1921, Кеген ауд., Алматы обл. – 25.04.1945)

Қызыл Армияға Алматы облысының Кеген аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 70-мехбригада құрамында 1945-жылдың 24-сәуірінде қаза тапқан. **Кіші лейтенант.**

ӘБІЛЕВ Балхаш Еділұлы (1919, №23-а., Бақсай ауд., Гурьев обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылы Гурьев облысының Бақсай аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында **86-атқ. дивизиясының 330-атқ.полкі құрамында танкке қарсы батареяның зеңбірек взводы командирі. Лейтенант.**

Жайық өзені жағасында туып-



өскен, оның ағысына ықпастан екі бетіне емін-еркін жүзіп өтетін Балхаш Әбілев 20 жасқа толғанда Екінші Дүниежүзілік соғыс басталған еді де, оны Қызыл Армияға алған-ды. Әскери міндетін өтеп, елге оралатын жылы алапат Ұлы Отан соғысы «күтіп тұрған». Финляндиямен соғыста (1940) өзін танытқан бөлімше командирі - взвод командирінің көмекшісі, сержант шенінде фашистік Германия әскерлерімен шайқасып жүрген жерінен - 10 айлық (кейін 6 айлыққа айналдырылған) кіші лейтенанттар курсына жіберген. Офицер атанған оны Ленинград қаласын қорғаушы 86-атқыштар дивизиясының 330-атқыштар полкіне бөлген.

Б.Әбілевтің қан майданда жасалынған ерліктердің барылғына орден-медаль берер болса – олар омырауға сыймай кетел еді. Оның екі мәрте «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталуы – ерен ерлігінің куәсі, взводын шебер басқаруының бағасы. Осы ордендерді алуына себепші болғандарын ғана қысқаша баяндайық.

1943-жылдың 12-қазанындағы Ленинград үшін шайқаста оның взводы 1 танкті, 1 өздігінен жүретін зеңбіректі, 1 бронды пулемет-зеңбірек машинасын және 2 жүк машинасын жойып жібереді.

1944-жылдың 11-шілдесінде Эстония жеріндегі ауыр ұрыста Б.Әбілевтің танкке қарсы взводы дұшпанның 4 танкеткасын, 3 пулемет нүктесін, 20-дан астам солдаты мен офицерін жойып, істен шықпаған 4 танкетканы қолға түсірумен біздің жаяу әскеріміздің сымды, бетоонды, ағашты тосқауылдардан сәтті өтулеріне мүмкіндік туғызады. Осы шайқаста взвод командирі екінші рет жараланады.

24-25-тамызда Тарту қаласын жаудан тартып алуда да бұл взвод - қарсыластың танктерін тоқтатып, қарсы шабуылдарын сәтсіздікке ұшыратумен болады.

Жау жақсы бекінген Эльбинг қаласы үшін шайқастар 1945-жылдың 30-қаңтарынан 10-ақпанға дейін созылады. Немістар бекіністерінде қорғанып қана қоймай, үнемі қарсы шабуылдар жасаумен болған. Мұндайда



артиллерияның көмегінсіз қарсыласты қайтару қиынға соғатын. Осы шайқастардың бірінде, атқыштар батальоны түгелімен шабуылға шыққанда зеңбірек взводы да олардан қалмай алға жылжи берген. Бір кезде жау шептеріне сұғына жете берген роталарға қос бүйірден дұшпанның он шақты танкісі мен соншама танкеткалары 300 жаяу әскерімен шыға келгенде – біздің жау әскер дереу кері шегініп кетеді де, Б.Әбілевтің 76 миллиметрлік 6 зеңбірегі мен 35-40 қана жауынгерлері қоршауда қалып қояды. Немістар жорғаламастан, танктердің арттарына тығылмастан тік күйлерінде еркінсіп келе жатады. Взвод командирі өз қарамағандағыларға олар 200 метрге жеткенше оқты да, снарядты да атпауға бұйрық береді. Аналар межелі жерге келе бергенде, зеңбіректер 3 бағытта бір үнмен дүркіндетіп танктерді дәлдеп атып, 6 танк пен барлық танкетканы отқа орандырады, автоматтар да нысаналарынан ауытқымай ақ қарға 150 дей фашисті қанға бөктірумен сұлатып салады.

Балхаш Әбілевтің өмірден өткенінше есінде қалған бір жай болған. 1944-жылдың сәуірінде дивизия штабы бастығының орынбасарына тағайындалған майор Оңай Шонаевпен 1939-жылы әскерге кеткенінше әлденеше рет жүздескен, дастархандас та болған. Өйткені, екеуі - Бақсай ауданында туып-өскен таза жерлестер еді. Аудандық партия комитетінің бюро мүшесі Шонаевтың атағы ол кезде кеңінен тарап кеткенді. Ал, тамыз айының ортасына таман қаза тапқан осы 330-полк штабының бастығы капитан Василий Трофимович Муквичтің орнына өзі сұранып келгенінде – екі жерлес күнара бірін-бірі көріп жүрген. Ол тұста бұл полкте 4 қазақ офицері бар болатын. Өзге екеуі – семейлік, 3-атқыштар батальонының партиялық ұйымдастарушысы, кіші лейтенант Түсіп Құлмағамбетов пен қостанайлық, пулемет взводының командирі, кіші лейтенант Қайшыбай Нұрғалиев еді. Бұған дейін осы полкте Бақсай ауданынан қатардағы жауынгерлер Жанқұл Дошанов (1895-жылы №12-ауылда туған), Қазі



Бермағамбетов (1907, Талқайраң селосы), гурьевтік қатардағы жауынгер Асанғали Әкімов (1901) өздері бір төбедей көрініп еш қаймықпастан жаумен шайқасқан. Ленинград блокадсын бұзып, фашистерді келген жақтары - батысқа шегіндіруде бұл үш жауынгер Псков ауданы аумағында түгелімен оққа ұшқан. Алдымен 11-наурызда Бермағамбетов, араға ай салмай, 8-сәуірде Оленино деревнясы үшін шайқаста Әкімов пен Доцанов бақилық болған.

Гитлершілдерден Тартуды тартып алған күннің ертесіне, 26-тамызда денесіне өткен 5 оқтан полк штабының бастығы майор Оңай Шонаев мәңгіге көз жұмған. Оны 27-тамызда қала шегіне құрметпен жерлеу рәсіміне қазақтың қарулас үш офицері – Т.Құлмағамбетов, Б.Әбілев, Қ.Нұрғалиев қатысқан. Қаралы митингте Құлмағамбетов егіліп тұрып, жүрек жарды жалынды сөздерін айтқан. Сол күннің кешіндегі кезекті шайқаста Түсіп ағасы ауыр жараланып, эвакуацияланған.

Пулемет взводының командирі Қ.Нұрғалиев жоғарыда айтылған Шығыс Пруссияның Эльбинск

қаласына Б.Әбілевпен бірге шабуылдауда - 1945-жылдың 5-ақпанында самайына мина жарықшағы қадалып, ұрыс алаңында қаза тапқан.

Соғыс аяқталып, әскерден оралғасын Балхаш Еділұлы - Гурьев қаласының Тухачевский көшесіндегі №-32-үйде тұратын марқұм Асанғали ағасының анасы Сағима шешейге аяқтай барып, көңіл айтқан. Кейінірек Қостанайдағы Қайшыбайдың бауыры Ағайшамен кездесіп, екі жыл бойғы полктес ержүрек офицермен оның өмірі таусылғанша бірге жүргендері, қалай жерленгені жайында айтып берген.

1960-жылдардың ортасында Оңай Шонаевтың ауылдасы, партия қызметкері, майдангер Түсіпқали Мұхамбетовті (екеуі Бақсай ауданындағы Сорочинко селосында өмірге келген) ертіп, Тартудағы Оңекеннің қабіріне 20 жылдан кейін екінші рет тағзым еткен.

2-дәрежелі «Отан соғысы» (6.04.1985), 2 мәрте «Қызыл Жұлдыз» (14.11.1944, 16.03.1945) ордендерімен марапатталған.



ӘБІЛЕВ Дихан (1.10.1907, Баянауыл ауд., Павлодар обл. – 2003, Алматы қ.)

РККА-ға 1942-жылдың қарашасында алынған.

Ұлы Отан соғысында **1-Прибалтика майданының қазақ тілді «Жауға қарсы аттан!»** газетінің әскери тілшісі (1943-1945). Соғысты аға лейтенант шенімен аяқтаған.

2-дәрежелі «Отан соғысы» (23.12.1985), **«Қызыл Жұлдыз»** (25.09.1944) ордендерімен марапатталған.

ӘБІЛЕВ Ермұқан (1906, Жаңақала а., Ворошилов ауд., Қарағанды обл.)

РККА-ға 1941-жылдың 12-қарашасында Сталин қалалық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 33-атқ. дивизиясының 82-атқ.полкі құрамында **атқ.ротасының командирі**. Аға лейтенант.

1-дәрежелі «Отан соғысы» (6.04.1985), **«Қызыл Жұлдыз»** (11.08.1944) ордендерімен марапатталған.

ӘБІЛЕВ Жексенбай (1920, Ақтөбе обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың маусымында Ақтөбе облысының Жұрын аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 74-атқ. дивизиясының 360-атқ.полкі құрамында **танкке қарсы взвод командирі**. Кіші лейтенант.

2-дәрежелі «Отан соғысы» (16.12.1943), **«Қызыл Жұлдыз»** (26.07.1943) ордендерімен марапатталған).

ӘБІЛЕВ Зәрукұл (1923, Ақсу с., Шет ауд., Қарағанды обл. – 25.03.1945)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 19-мамырында Қарағанды облысының Шет аудандық әскери комиссариатынан алынған. 1942-жылдың қарашасында кіші лейтенанттар курсы бітірген.

Ұлы Отан соғысында 286-атқ. дивизиясының 996-атқ.полкінде **миномет ротасының командирі** (1943-1944). **125-атқ.дивизиясы артиллерия бастығының көмекшісі** (1944-1945). 1945-жылдың 25-наурызында қаза тапқан. Аға лейтенант (02.1944).



2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (15.07.1944).

ӘБІЛЕВ Ибрагим (1915, Созақ ауд., Оңт.Қаз.обл.)

Қызыл Армияға 1943-жылдың наурызында Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 8-гв.атқ. дивизиясының 19-гв.атқ.полкі құрамында **45 мм зеңбірек взводының командирі**. Гв.кіші лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (12.10.1944).

ӘБІЛЕВ Ислам Мұзафарұлы (1917, Солт.Қаз.обл. – 8.05.1945, Австрия)

Қызыл Армияға 1939-жылы Солтүстік Қазақстан облысының Қызылту аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында **31-атқ. дивизиясының 248-атқ.полкі құрамында взвод (1942-1944), рота (1944-1945) командирі**. Лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (14.10.1943).

ӘБІЛЕВ Қайыржан (1906, Октябрь ауд., Солт.Қаз.обл. – 16.01.1945, Украин ССР-і)

Қызыл Армияға 1942-жылы Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында **237-атқ. дивизиясының 838-атқ. полкі құрамындағы 3-атқ. батальонының партиялық ұйымдастырушысы**. Аға лейтенант.

2-дәрежелі «Отан соғысы» (6.02.1945), «Қызыл Жұлдыз» (20.09.1944) ордендерімен марапатталған.

1945-жылдың 16-қаңтарында оққа ұшқан.

Закарпатье облысының Ужгород қаласындағы «Холм Славы» мемориалдық кешеніне жерленген. №78-жесе мола.

ӘБІЛЕВ Қаратай (1918, Түркістан ауд., Оңт.Қаз.обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында **дербес кабель-телеграф ротасының взвод**



командирі. Кіші лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен (6.07.1945), «Өжеттігі үшін» медалімен (6.07.1944) марапатталған.

ӘБІЛЕВ Нығметолла (1924, Қоңырат ауд., Қарағанды обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың тамызында Қарағанды облысының Қоңырат аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 41-гв. атқ. дивизиясының 122-гв. атқ. полкі құрамында автоматшылар взводының командирі. Гв.кіші лейтенант.

«Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған (6.09.1944).

ӘБІЛЕВ Сайын Байбарақұлы (1920, Алмас а., Шыңғырлау ауд., Батыс Қаз. обл.)

Қызыл Армияға 1940-жылдың қыркүйегінде РСФСР-дің Орынбор облысындағы Александров аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 272-атқ. дивизиясының 1061-атқ. полкі құрамында миномет ротасының командирі. Капитан.

«2 мәрте «Қызыл Жұлдыз» (19.04.1945, 27.06.1945) орденімен, «Өжеттігі үшін» медалімен (29.07.1944) марапатталған.

ӘБІЛЕВ Сәмбек (1911, Ақмола обл.)

Қызыл Армияға 1940-жылдың 10-маусымында Ақмола қалалық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 140-атқ. дивизиясының 96-атқ. полкі құрамында зеңбірек взводының командирі. Лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (22.05.1945).

ӘБІЛЕВ Сейілбек (1925, Есіл ауд., Ақмола обл. – 15.08.1944)

Қызыл Армияға 1943-жылы Ақмола облысының Есіл аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 15-гв. атқ. дивизиясы құрамындағы 169 «А» армиялық айыптылар ротасы құрамында (взвод командирі) 1944-жылдың 15-тамызында қаза болған. Кіші лейтенант.



ӘБІЛЕВ Шапағат ().



1942-жылдың қаңтарында Қызыл Армия қатарына алынады. Чкалов (қазіргі Орынбор) қаласындағы кіші командирлер дайындайтын 3 айлық мектептен өткеннен кейін, сол жылдың маусымында Сталинград майданы құрамында бөлімше командирі болып, соғысқа кіреді. 1943-жылдың ақпанында Сталинградты жаулап алушылардан тазартқан соң, Оңтүстік майдан құрамында Дондағы Ростов бағытында пулемтшілер взводының командирі ретінде Отан үшін айқасын жалғастырады.

Бірнеше рет ауыр жарақат алып, госпитальдерде айлап жатқан кездері болған. 1945-жылдың маусымында кіші лейтенант погонымен елге оралады.

«Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған (1945).

ӘБІЛЕЗОВ Рахымжан (1921, Шу ауд., Жамбыл обл.)

РККА-ға 1941-жылы Жамбыл облысының Шу аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 1-гв.арт. дивизияның 201-арт.полкі комсомол комитетінің секретары (1943-1944), 1-дивизионның партиялық ұйымдастырушысы (1944). Гв.капитан.

2 мәрте 2-дәрежелі «Отан соғысы» (6.09.1944, 6.04.1985), «Қызыл Жұлдыз» (17.07.1943) ордендерімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін» (13.09.1944), «Сталинградты қорғағаны үшін» (22.12.1942) медальдарымен марапатталған.

ӘБІЛҚАЙЫРОВ Мордабай (1920, №15-а., Қызылорда обл. – 26.08.1943)

Қызыл Армияға 1941-жылы Қызылорда облысының Қызылорда аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 60-атқ.дивизиясы құрамында (атқ.взводының командирі) 1943-жылдың 26-тамызында қаза болған. Лейтенант.



ӘБІЛҚАСОВ Қайыркелді (1918, Юржинск ауд., Шығыс Қаз. обл. – 17.12.1943)

РККА-ға 1938-жылы Шығыс Қазақстан облысының Юржинск аудандық әскери комиссариатынан алынған. 1940-жылы әскери училищені лейтенант шенімен бітірген.

Ұлы Отан соғысында 13-армияның 161-арт.полкі құрамында (дивизион командирінің орынбасары) 1943-жылдың 17-желтоқсанында ауыр жарақаттан көз жұмған. Аға лейтенант (1942).

ӘБІЛҚАСОВ Мұбарак Әбілқасұлы (1903, Шығыс Қаз. обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың маусымында Шығыс Қазақстан облысының Сталин аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 5-гв.атқ. дивизиясының 12-гв.атқ.полкі құрамындағы 2-атқ.батальонының партиялық ұйымдастырушысы. Гв.лейтенант.

«В бою 16 октября 1944 года, при прорыве долговременной обо-

роны противника в районе Кумец Волковышского района Литовской ССР, находясь в своих порядках рот тов.Абулкасов воодушевляя коммунистов и комсомольцев рот на стремительный штурм обороны противника. С группой коммунистов он с криком: «Ура! За Родину! За Сталина!», ринулся вперед, за ним вся рота, проводочные заграждения противника были преодолены, траншеи захвачены.

В этом бою убито до 40 немецких солдат и 2 офицера, 7 взято в плен.

Гв.лейтенант Абулкасов М.А. достоин награждения правительственной наградой – орденом «Отечественная война» II степени.

Командир 12 гв.стр.полка гв.подполковник Титов

24 октября 1944 года»

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (13.11.1944).

ӘБІЛҚАСЫМОВ Ақылбай (1916)

Ұлы Отан соғысында 106-кав.дивизияның 307-кав.полкі



құрамында қылышшылар взводының командирі. Кіші лейтенант.

1942-жылдың мамырында Украинаның Харьков қаласы түбінде қоршауда қалумен хабарсыз жоғалған.

ӘБІЛҚАСЫМОВ Кетембай Жылқыжанұлы (1923, Қарағанды обл. – 12.11.1943)

Қызыл Армияға Қарағанды облысының Нұра аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 237-атқ. дивизиясы құрамында (атқ. взводының командирі) 1943-жылдың 12-қарашасында қаза тапқан. Кіші лейтенант.

ӘБІЛҚАСЫМОВ Қаппас (1923, Есіл ауд., Ақмола обл. – 8.09.1944)

Қызыл Армияға 1942-жылы Ақмола облысының Есіл аудандық әскери комиссариатынан аттандырылған.

Ұлы Отан соғысында 108-атқ. дивизиясының 539-атқ. полкі құрамында (атқ. взводының командирі) 1944-жылдың 8-қыркүйегінде қаза болған. Кіші

лейтенант.

ӘБІЛҚАСЫМОВ Қолжан (1916, Солт.Қаз.обл.)

Қызыл Армияға 1937-жылдың 29-қазанында Петропавловск қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 54-Трансильвания бекіністік ауданының 53-дербес пулемет-арт. бакталыоны құрамында **45 мм зеңбірек взводының командирі. Лейтенант.**

1945-жылдың 15-наурызындағы 1153 биіктігі үшін шайқаста Қ.Әбілқасымовтың зеңбірекшілері командирдің тапқырлығы арқасында қолайлы орындарға жайғасып алумен дұшпан жаяу әскерін де, ату ұяларын да снарядтарымен көміп салады. Дәлдіктің арқасында немістердің 2 зеңбірегі мен 3 минометі, 3 пулеметі жойылып, біздің рота биіктікті иеленеді.

Сол күні түстен кейін қарсылас жақ 1153-ті өздеріне қайтару мақсатында екі ротамен қарсы шабуылға шығады. Әбілқасымов оларды 60-70 метрге дейін жақындатып алып, дәл көздеумен тікелей атқылайды.



Олардың кешке дейін тағы да екі рет қарсы шабуылдаулары нәтижесіз аяқталады. Біздің рота мен зеңбірек взводы сол күні 100-ден астам фашистреді жер жастандырып, 12 зеңбірек, миномет, пулемет нүктелерін пайдасыз етеді.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (8.05.1945).

ӘБІЛҚАСЫМОВ Мағауя
(1920, Семей қ.)

Қызыл Армияға 1940-жылы Семей облысының Ленин аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 7-әуе армиясының 257-аралас дивизиясы құрамында 1944-жылдың 12-шілдесінде хабарсыз кеткен.
Кіші лейтенант.

ӘБІЛҚАСЫМОВ Төлеген
(1917, Семей обл.)

Қызыл Армияға 1943-жылдың 20-қыркүйегінде Семей қаласының Ленин аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 10-армияның 254-дербес атқ. полкі құрамында **атқ. ротасының командирі. Лейтенант.** 1944-жылдың 18-ақпанында

ауыр жаралағанынан – саптан шығарылған.

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (6.08.1946).

ӘБІЛПЕЙІСОВ Қабдыкәрім
(1907, Бесоба с/с, Қарақаралы ауд., Қарағанды обл. – 3.03.1945, Германия)

Қызыл Армияға 1942-жылы Ақмола облысының Ақмола аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 329-атқ. дивизиясының 180-атқ. полкі құрамында (**саперлар взводының командирі**) 1945-жылдың 3-наурызында қаза тапқан. **Лейтенант.**

Германияның Брошнау селосына жерленген.

ӘБІЛСЕЙІТОВ Тәттібай Көшенұлы (1925, Қарағанды обл.)

Қызыл Армияға 1943-жылдың қаңтарында Қарағанды облысының Сталин аудандық шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 203-атқ. дивизиясының 692-атқ. полкі құрамында **атқ. взводының**



командирі. Кіші лейтенант.

«Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған (6.11.1947).

ӘБІЛТАЕВ Төлеміс Қанашұлы (1923, Қарағанды обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 24-маусымында Қарағанды облысының Жезқазған аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 288-атқ. дивизиясының 1016-атқ. полкі құрамында **атқ. взводының командирі. Кіші лейтенант.**

«Мл. лейтенант Абултаев при выполнении боевого задания 3 февраля 1945 года в районе севернее населенного пункта Лаучаки проявил себя, как умелый и инициативный офицер. Подойдя скрытно на исходный рубеж со своим взводом, по сигналу командира роты, организованно и четко поднял свой взвод в атаку и умело провел взвод через минное поле. Замеченный противником, тов. Абултаев открыл своим взводом ружейно-пулеметный огонь лишь тем самым противника контратаковать и продвинуться к нашим подразделениям. В этом бою офицер Абултаев лично унич-

тожил 3-х немецких солдат. Будучи тяжело раненным, был эвакуирован с поля боя.

За проявление мужество и отвагу, ходатайствую о награждении тов. Абултаева орденом «Красная Звезда».

Командир 1016-стр. полка подполковник Ермолаев

11 февраля 1945 года»

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (14.02.1945).

ӘБІЛТАЕВ Қалыбек (1921, №8-а., Жуалы ауд., Оңт. Қаз. обл. – 19.07.1944)

Қызыл Армияға 1941-жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 325-атқ. дивизиясы құрамында 1944-жылдың 19-шілдесінде ауыр жарақаттан көз жұмған. **Медицина қызметінің лейтенанты.**

ӘБІЛТАЕВ Шавқат Осипұлы (1912, №5-а., Қазалы ауд., Қызылорда обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 5-мамырында Түрікмен ССР-інің Мары облысындағы Байрамали



аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 204-атқ. дивизиясының 730-атқ. полкі құрамында атқ. взводының командирі. **Лейтенант.**

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (20.10.1943).

ӘБІЛХАЙЫРОВ Әлімжан (1922, Омбы обл., РСФСР – 11.07.1943, Смоленск обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 5-наурызында РСФСР-дің Омбы облысындағы Азов аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 344-атқ. дивизиясының 1154-атқ. полкі құрамында атқ. взводының командирі. **Кіші лейтенант.**

«Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған (24.09.1942).

Смоленск облысының Барятинский ауданындағы Шемелинки деревнясына жерленген.

ӘБІЛХАЙЫРОВ Есен (1925, Сталин ауд., Ақмола обл.)

Қызыл Армияға 1943-жылдың 31-қаңтарында Ақмола

облысының Сталин аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 165-атқ. дивизиясының 641-атқ. полкінде (1943-1944), 76-атқ. дивизиясының 93-атқ. полкінде (1944-1945) атқ. взводының командирі. **Лейтенант.**

2-дәрежелі «Отан соғысы» (6.04.1985), «Қызыл Жұлдыз» (16.02.1946) ордендерімен марапатталған.

ӘБІЛХАЙЫРОВ Мырзабай (1920, Қызылорда обл. – 26.08.1943, Брянск обл., РСФСР)

РККА-ға 1939-жылы Қызылорда қалалық әскери комиссариатынан алынған. Жаяу әскер училищесін лейтенант шенімен бітірген (1941).

Ұлы Отан соғысында 60-атқ. дивизиясының 1281-атқ. полкі құрамында (пулемет ротасының командирі) 1943-жылдың 26-тамызында қаза тапқан. **Аға лейтенант.**

Брянск облысының Севска қаласындағы әскери зиратқа жерленген.

ӘБІЛХАНОВ Жұмабай (1918, Қарқаралы қ., Қарағанды обл.)



Қызыл Армияға 1942-жылдың 5-қаңтарында Қарағанды қаласының Сталин аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 180-атқ. дивизиясының 42-атқ. полкі құрамында миномет взводының командирі. Кіші лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (29.07.1945).

ӘБІЛХАТОВ Сәден (1918, Шаян ауд., Оңт.Қаз.обл. – 3.08.1944, Украина)

Қызыл Армияға Жамбыл облысының Жамбыл аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 324-танкіге қарсы полк құрамында (зеңбірек взводының командирі) 1944-жылдың 3-тамызында қаза тапқан. Гв.лейтенант.

Львов облысының Перемыш қаласына жерленген.

ӘБІЛХАТОВ Хайрон Әбілхатұлы (1909, №8-а., Ақтөбе обл.)

РККА-ға 1941-жылдың маусымында Ақтөбе қалалық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 369-атқ. дивизиясының 1223-атқ. полкі құрамында атқ. ротасының командирі. Аға лейтенант.

«Жауынгерлік Қызыл Ту» орденімен марапатталған (22.10.1944).

ӘБІШЕВ Ағәділ Дәулетбайұлы (1924, Фрунзе ауд., Оңт.Қаз.обл. – 1.02.1945, Германия)

Қызыл Армияға 1942-жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Ленгер аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 23-атқ. дивизиясының 225-атқ. полкі құрамында (атқ. взводының командирі) 1945-жылдың 1-ақпанында қаза тапқан. Кіші лейтенант.

Германияның Шлоппе қаласынан солтүстік-шығыс бағытта 12 шақырым жердегі Малентин деревнясына жерленген.

ӘБІШЕВ Айтмағамбет (1908) Қызыл Армияға 1943-жылы алынған.

Ұлы Отан соғысында атқ. батальонының партиялық ұйымдастырушысы. Лейте-



нант.

**2-дәрежелі «Отан соғысы»
орденімен марапатталған.**

ӘБІШЕВ Ақаш Садықұлы
(1923, Көкпекті ауд., Семей обл.)

РККА-ға 1942-жылдың ма-
мырында Семей облысының
Көкпекті аудандық әскери комис-
сариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 161-атқ.
дивизиясының 569-атқ. полкі
құрамында атқ. ротасының
командирі. Гв. лейтенант.

«Жауынгерлік Қызыл Ту»
(27.05.1945), «Қызыл Жұлдыз»
(6.11.1944) ордендерімен
марапатталған.

ӘБІШЕВ Аманжан
Мирманұлы (1917, Ақмола обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылы
Ақмола облысының Новочер-
касск аудандық әскери комисса-
риатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 160-атқ.
дивизиясының 1293-атқ. полкі
құрамында атқ. взводының
командирі. Лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен
марапатталған (16.09.1943).

ӘБІШЕВ Әлімбай
Рахманбердіұлы (1912, №3-а.,
Ойыл ауд., Ақтөбе обл.)

РККА-ға 1935-жылы Ақтөбе об-
лысынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында **253-атқ.**
дивизиясы вет. қызметінің
бастығы. Вет. қызм. майоры
(1943).

«Қызыл Жұлдыз» орденімен
марапатталған (18.05.1944).

ӘБІШЕВ Әнуарбек (1916, №26-
а., Ұлытау ауд., Қарағанды обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың
1-шілдесінде Қарағанды
облысының Жезқазған аудандық
әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 5-арт.
дивизияның 106-миномет полкі
құрамында зеңбірек взводының
командирі. Аға лейтенант.

1-дәрежелі «Отан соғысы»
(28.04.1945), «Қызыл Жұлдыз»
орденімен марапатталған
(6.07.1944).

ӘБІШЕВ Бекен (1918, Темір
ауд., Ақтөбе обл. – 4.02.1945, Лат-
вия ССР-і)

РККА-ға Ақтөбе облысының
Темір аудандық әскери комисса-



риатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 11-атқыштар дивизиясының 474-миномет.полкі құрамында (дивизион командирі) ауыр жараланудан 1945-жылдың 4-ақпанында қаза болған. **Капитан** (1943).

1-дәрежелі «Отан соғысы» (15.02.1945), **«Қызыл Жұлдыз»** (30.04.1943) ордендерімен, **«Жауынгерлік еңбегі үшін»** медалімен марапатталған (12.07.1942).

Латвия ССР-інің Помпали ауданындағы Сырсныяс селосына жерленген.

ӘБІШЕВ Бекен Айткенұлы (1925, Семей обл. - 26.04.1945, Польша)

Қызыл Армияға 1943-жылдың 15-ақпанында Семей қалалық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 230-атқ. дивизиясының 990-атқ.полкі құрамында **атқ.взводының командирі. Лейтенант.**

1945-жылдың 26-сәуірінде ауыр жараланудан көз жұмған.

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған

(18.06.1945).

Польшаның Кюстрань қаласына жерленген.

ӘБІШЕВ Бодау (1922, Шу п., Шу ауд., Жамбыл ауд.)

Қызыл Армияға 1941-жылы Жамбыл облысының Шу аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 347-атқ. дивизиясының 1179-атқ.полкі құрамында **1-атқ.батальонының комсомол ұйымдастырушысы. Кіші лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен (13.05.1944), **«Өжеттігі үшін»** медалімен (17.01.1943) марапатталған.

ӘБІШЕВ Ғабдолла (1906, Талапкер с., Ақмола ауд., Ақмола обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылы Қарағанды қаласының Сталин аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 110-атқ. дивизиясының 1287-атқ.полкі құрамында **атқ.батальонының партиялық ұйымдастырушысы. Лейтенант.**

2-дәрежелі «Отан соғысы»



орденімен (2.10.1944), «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен (6.02.1944) марапатталған.

ӘБІШЕВ Ғазиз (1916, Амангелді ауд., Қостанай обл. – 1982, Алматы қ.)

РККА-ға 1939-жылы алынған.

Ұлы Отан соғысында 3-Белорусь майдандық «Красноармейская правда» газеті қазақ редакциясының әдеби қызметкері. Капитан.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен (30.04.1945), «Москваны қорғағаны үшін» медалімен марапатталған.

ӘБІШЕВ Ғали Балғабекұлы (1906. Булунгур ауд., Самарқанд обл., Өзбек ССР-і)

Қызыл Армияға 1941-жылдың қарашасында Өзбек ССР-і Самарқанд облысының Булунгур аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 1719-зениттік-арт.полк құрамында М-17 зениттік қондырғысы взводының командирі. Кіші лейтенант.

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (6.04.1945).

ӘБІШЕВ Ғафу (1920, Еңбекшілдер ауд., Ақмола обл. – 19.07.1944)

Қызыл Армияға 1942-жылы Ақмола облысының Еңбекшілдер аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 53-гв.атқ. дивизиясының 157-гв.атқ.полкі құрамында (атқ.взводының командирі) 1944-жылдың 19-шілдесінде қаза тапқан. Гв.лейтенант.

ӘБІШЕВ Жапар (1912, Көктерек а., Молотов ауд., Ақмола обл. – 18.01.1942, Москва обл.)

Қызыл Армияға 1938-жылы Ақмола облысының Молотов аудандық әскери комиссариатынан барған. Кіші лейтенанттар училищесін бітірген (1940).

Ұлы Отан соғысында 354-атқ. дивизиясының 1201-атқ.полкі құрамында (атқ.взводының командирі) 1942-жылдың 18-қаңтарында оққа ұшқан. Кіші лейтенант.



Москва облысының Игнатово деревнясына жерленген.

ӘБІШЕВ Жүніс (1922, Еңбекші с., Қаскелең ауд., Алматы обл.)

РККА - ға 1941-жылдың шілдесінде Алматы қаласының Сталин аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 1-шабуылдаушы инж.-саперлық бригада штабы 6-шифрлау бөлімшесінің бастығы. Гв.капитан.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (6.05.1945).

ӘБІШЕВ Иемкүл Әбішұлы (1914, Темір ауд., Ақтөбе обл. – 5.12.1941, Карело-Фин ССР-і)

Қызыл Армияға 1937-жылы Ақтөбе облысының Темір аудандық әскери комиссариатынан барған. Кіші лейтенанттар училищесін бітірген (1939).

Ұлы Отан соғысында 104-атқ. дивизиясының 217-атқ. полкі құрамында (атқ. взводының командирі) 1941-жылдың 5-желтоқсанында қаза тапқан. Кіші лейтенант.

Денесі майдан даласының жау жағында қалған.

ӘБІШЕВ Икаш Садықұлы (1923, Семей обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың мамырында Семей облысының Көкпекті аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 61-атқ. дивизиясының 569-атқ. полкі құрамында атқ. ротасының командирі. Лейтенант.

«Жауынгерлік Қызыл Ту» орденімен марапатталған (27.05.1945).

ӘБІШЕВ Қажкен Әбішұлы (1920, №1-а., Кормилов ауд., Омбы обл., РСФСР)

Қызыл Армияға 1942-жылы РСФСР-дің Омбы облысындағы Кормилов аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 1-гв.атқ. дивизиясының 167-гв.атқ. полкі құрамында атқ. батальонының комсомол ұйымдастырушысы. Лейтенант.

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен (27.04.1945), «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен (31.10.1943) марапатталған.



ӘБІШЕВ Қанапия (1923, №4-а., Абралы ауд., Семей обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 3-наурызында Семей қаласының Калинин аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 45-жаттығу атқ. дивизиясының 40-жаттығу атқ. полкі құрамында **миномет взводының командирі. Кіші лейтенант.**

«Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған (3.10.1944).

ӘБІШЕВ Қоқан (1915, №20-а., Қарқаралы ауд., Қарағанды обл.)

Қызыл Армияға 1937-жылы Қарағанды қалалық әскери комиссариатынан барған. Винницк әскери училищесін лейтенант шенімен бітірген (1941).

Ұлы Отан соғысында 216-атқ. дивизиясының 665-мото-атқ. полкінде (**пулемет взводының командирі**) 1941-жылдың тамызында Батыс майданның 6-армиясы қоршауда қалғанда соның құрамында хабарсыз жоғалған. **Лейтенант.**

ӘБІШЕВ Құрманғали (1918, Ленин ауд., Солт.Қаз.обл.)

Қызыл Армияға 1940-жылдың 12-желтоқсанында Петропавловск қалалық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында **атқ. взводының командирі. Кіші лейтенант.**

1941-жылдың 3-қыркүйегінде хабарсыз жоғалған.

ӘБІШЕВ Құтжан Сәбденұлы (1917, Куйбышево с., Куйбышев ауд., Сталинабад обл., Тәжік ССР-і – 17.04.1944, Украина)

Қызыл Армияға Тәжік ССР-інің Сталинабад облысындағы Куйбышев аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 55-атқ. корпусының 691-дербес байланыс батальоны құрамында (**байланыс жүйесін күзету командасының бастығы**) ұрыста ауыр жараланумен 1944-жылдың 17-сәуірінде №2338-госпитальде көз жұмған. **Лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (3.05.1944).

Симферополь қалалық



зиратының №1-моласына жерленген.

ӘБІШЕВ Мананбек (1923, Қорғалжын ауд., Ақмола обл. – 6.09.1943, Украин ССР-і)

Қызыл Армияға Ақмола қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 340-атқ. дивизиясының 1142-атқ. полкі құрамында (взвод командирі) 1943-жылдың 6-қыркүйегінде қаза тапқан. **Кіші лейтенант.**

Сумы облысының Штеповский ауданындағы Карловка селосына жерленген.

ӘБІШЕВ Махмедхан (1922, №13-а., Тереңөзек ауд., Қызылорда обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың 15-тамызында Қызылорда облысының Қармақшы аудандық әскери комиссариатынан аттандырылған.

Ұлы Отан соғысында 82-атқ. дивизиясының 94-дербес барлау ротасы құрамында **взвод командирі. Лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (2.03.1945).

ӘБІШЕВ Мәжікен (1900, Павлодар обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың 18-шілдесінде Павлодар облысының Каганович аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 225-армиялық атқ. полкі құрамында **зеңбірек взводының командирі. Гв.лейтенант.**

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (13.08.1944).

ӘБІШЕВ Мұрсәлім (1908, Қызылорда обл.)

РККА-ға 1941-жылдың 27-маусымында Қызылорда қалалық әскери комиссаритатынан аттанған.

Ұлы Отан соғысында **75-танкке қарсы полк штабы бастығының жабдықтау бойынша көмекшісі, 1287-арт. полк жабдықтау қызметінің бастығы. Инт.қызм. майоры** (1944).

«Қызыл Жұлдыз» орденімен (15.09.1944), **«Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен** (29.11.1943, 7.06.1945) **марапатталған.**



ӘБІШЕВ Наурызбай Әбішұлы (1905, Ақтөбе обл.)

РККА-ға 1942-жылы Алматы қалалық әскери комиссариатын алынған.

Ұлы Отан соғысында **50-армия саяси бөлімінің үгітшісі, Гв.капитан.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (1.07.1944).

ӘБІШЕВ Омарқожа (1920, Алматы обл.)

Қызыл Армияға 1940-жылы Алматы облысының Іле аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 186-атқ. дивизиясының 298-атқ. полкі құрамында **атқ. взводының командирі. Лейтенант.**

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (30.05.1951).

ӘБІШЕВ Өтеген (1914, Шымкент қ. – 29.08.1942, Калинин обл.)

Қызыл Армияға Өзбек ССР-інің Самарқанд облысындағы Самарқанд аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 243-дивизияның 910-атқ. полкі

құрамында (**атқ. взводының командирі**) 1942-жылдың 29-тамызында қаза тапқан. **Кіші лейтенант.**

Калинин облысының Киров ауданындағы Зажогоино деревнясындағы бауырластар зиратына жерленген.

ӘБІШЕВ Өтетілеу (1915, Қарасу с., Қарасуық ауд., Қостанай обл.)

РККА-ға 1939-жылы Жамбыл облысының Луговой аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 415-атқ. дивизиясының 1321-атқ. полкі құрамында **пулемет ротасының командирі. Капитан** (1943).

1-ші (17.03.1945), 2-ші (31.01.1944) дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» (17.12.1943) ордендерімен, «Өжеттігі үшін» медалімен (9.09.1943) марапатталған.

ӘБІШЕВ Рахмет (1912, Жертұмсық с., Павлодар ауд., Павлодар обл. – 4.11.1944, Белоруссия)

Қызыл Армияға 1942-жылдың тамызында РСФСР-дің Челя-



бинск облысындағы Медногорск аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 385-атқ. дивизиясының 1270-атқ. полкі құрамында (**зеңбірек взводының командирі**) 1944-жылдың 4-қарашасында қаза тапқан. **Лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен (6.07.1944), «Өжеттігі үшін» медалімен (27.06.1944) марапатталған.

Белосток облысының Снядовиники ауданындағы Суск елді мекеніне жерленген.

ӘБІШЕВ Садық Әбішұлы (1908)

РККА -ға 1942-жылдың 24-қыркүйегінде Алматы қалалық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 117-атқ. дивизиясының 333-гв. атқ. полкі құрамында **атқ. батальоны командирінің сап бойынша орынбасары. Гв. капитан.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (16.08.1945).

ӘБІШЕВ Саит (1915, Жезқазған ауд., Қарағанды обл. – 11.03.1945,

Шығыс Пруссия)

Қызыл Армияға 1939-жылдың 17-қыркүйегінде Қарағанды облысының Жезқазған аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 192-атқ. дивизиясының 753-атқ. полкі құрамында (**атқ. взводының командирі**) 1945-жылдың 11-наурызында қаза тапқан. **Кіші лейтенант.**

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (21.04.1945).

Шығыс Пруссияның Зидлунг қаласынан 2 шақырым оңтүстік-шығыс бағытқа жерленген.

ӘБІШЕВ Сарқытқажы (1918)

РККА-ға 1938-жылы кеткен.

Ұлы Отан соғысында 243-атқ. дивизиясы **912-атқ. полкі штабы бастығының тыл бойынша көмекшісі. Капитан (1943).**

«Өжеттілігі үшін» медалімен марапатталған (18.05.1943).

ӘБІШЕВ Саруар Жебегенұлы (1916, Пресновский ауд., Солт. қаз. обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылдың қазанында Солтүстік Қазақстан



облысының Пресновский аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 157-атқ. дивизиясының 716-атқ. полкінде (1942-1943), 173-атқ. дивизиясының 220-дербес сапео. батальоны құрамында (1943-1944) сапер. взводының командирі. **Лейтенант.**

2 мәрте «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (10.12.1943, 28.10.1944).

ӘБІШЕВ Саттар Жілбайұлы (1913, №17-а., Баянауыл ауд., Павлодар обл. – 4.04.1944, Украина)

Қызыл Армияға 1941-жылы Павлодар қалалық әскери комиссариатынан шақырылған. 1942-жылы кіші лейтенанттар курсы бітірген.

Ұлы Отан соғысында 60-атқ. дивизиясының 1288-атқ. полкі құрамында (атқ. взводының командирі) 1944-жылдың 4-сәуірінде қаза тапқан. **Лейтенант.**

Волинск облысының Ковельск ауданындағы Дубово селосына жерленген.

ӘБІШЕВ Сарық (1918, Қарқаралы ауд., Қарағанды обл. – 7.06.1944)

Қызыл армияға 1939-жылы Қарағанды облысының Қарқаралы аудандық әскери комиссариатынан аттанған.

Ұлы Отан соғысында 260-атқ. дивизиясының 103-атқ. полкі құрамында (миномет взводының командирі) 1944-жылдың 7-маусымында қаза тапқан. **Лейтенант.**

ӘБІШЕВ Сейсенбай (1921, Орынбор обл., РСФСР)

Қызыл Армияға 1942-жылы РСФСР-дің Орынбор облысындағы Соль-Илецк аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 167-атқ. дивизиясының 465-атқ. полкі құрамында атқ. взводының командирі. **Лейтенант.**

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (22.10.1944).

ӘБІШЕВ Серік (1917, Қарқаралы ауд., Қарағанды обл. – 6.06.1944, Украина)

Қызыл Армияға 1939-жылы Қарағанды облысының Қарқаралы



аудандық әскери комиссариатынан алынған. 1942-жылы әскери училищені лейтенант шенімен бітірген.

Екінші Дүниежүзілік соғысқа қатысушы (1940). Ұлы Отан соғысында 260-атқ. дивизиясының 1030-атқ. полкі құрамында (**миномет взводының командирі**) 1944-жылдың 6-маусысында қаза болған. **Лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (24.10.1943).

Волынск облысының Ковель қаласына жерленген.

ӘБІШЕВ Смағұл (1919, Шортанды ауд., Ақмола обл. – 14.11.1943, Украина)

Қызыл Армияға 1940-жылы Ақмола облысының Шортанды аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1942-жылы кіші лейтенанттар курсы бітірген.

Ұлы Отан соғысында 19-атқ. дивизиясының 32-атқ. полкі құрамында (**миномет взводының командирі**) 1943-жылдың 14-қарашасында қаза тапқан. **Кіші лейтенант.**

Кировоград облысының Александрийский ауданындағы Овнянка

деревнясына жерленген.

ӘБІШЕВ Сұлтан Әбішұлы (25.12.1917, №3-а., Баянауыл ауд., Павлодар обл.)

РККА-ға Алматы облысының Алматы аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында **65-армияның 383-дербес пулемет-арт. батальоны химия қызм. бастығы. Капитан.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (21.11.1944).

ӘБІШЕВ Сүлеймен Наурызұлы (1918, Шығыс Қаз. обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылы Шығыс Қазақстан облысының Ұлан аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 55-гв. танк бригадасы құрамында **Т-34 танкісінің командирі. Гв. кіші лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (8.02.1944).

ӘБІШЕВ Таңсық (1922, Оңт. Қаз. обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың



қаңтарында Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 339-атқ. дивизиясының 1133-атқ.полкі құрамында атқ.взводының командирі. Лейтенант.

«Жауынгерлік Қызыл Ту» (31.05.1945), 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (15.02.1943).

ӘБІШЕВ Тастан Нұрматұлы (1924, Георгиев ауд., Оңт.Қаз. обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылы Шымкент қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 59-гв.атқ. дивизиясының 162-гв.атқ.полкі құрамында (атқ.взводының командирі) 1943-жылы хабарсыз жоғалған. Лейтенант.

ӘБІШЕВ Төкен (1924, Қарағанды қ.)

Қызыл Армияға 1941-жылы Қарағанды қаласының Киров аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 13-гв. мех.бригаданың 2-дербес мото-

атқ.батальоны құрамында атқ. взводының командирі. Кіші лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен (26.10.1944), «Өжеттілігі үшін» (1943), «Сталинградты қорғағаны үшін» (1943) медальдарымен марапатталған.

ӘБІШЕВ Уақас (1914, Көкпекті с., Семей обл. – 10.03.1943, Смоленск обл.)

Қызыл Армияға 1937-жылы Семей облысының Көкпекті аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1939-жылы кіші лейтенанттар курсы бітірген.

Ұлы Отан соғысында Батыс майдан, 110-атқ. дивизиясының 1291-атқ. полкі құрамында (атқ.взводының командирі) 1943-жылдың 10-наурызында қаза болған. Лейтенант.

Смоленск облысының Вяземский ауданындағы Глебово селосына жерленген.

ӘБІШЕВ Ысмағұл Әбішұлы (1919, Қазақ ССР-і – 5.12.1941)

Қызыл Армияға 1938-жылы алынған. Мурманск кіші лейтенанттар училищесін бітірген (1940).



Ұлы Отан соғысында 217-атқ.полкі құрамында (**взвод командирі**) 1941-жылдың 5-желтоқсанында қаза тапқан.
Кіші лейтенант.

Ә Д Е Н О В Ж а л ғ ы р Сейітқазыұлы (Казталовка с., Батыс Қаз.обл. – 23.09.1943)

Ұлы Отан соғысында 25-дербес атқ.бригадасы құрамында (**атқ.взводының командирі**) 1943-жылдың 23-қыркүйегінде ауыр жараланумен қаза болған.
Лейтенант.

ӘДЕТБЕКОВ Байғожа (1917, Қаратал ауд., Алматы обл. – 1.12.1942)

РККА-ға Алматы облысының Қоғалы аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 39-армияның 101-дербес атқ.бригадасы құрамында (**танкке қарсы рота командирінің саяси орынбасары**) 1942-жылдың 1-желтоқсанында қаза тапқан. **Аға лейтенант.**

ӘДІБАЕВ Сіріңбай (1919, Алматы қ. – 2.08.1943)

Қызыл Армаияға Алматы қаласының Фрунзе аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 3-гв.әуе десанты дивизиясы құрамында 1943-жылдың 2-тамызында қаза тапқан. **Лейтенант.**

ӘДІЛБЕКОВ Бердікұл (1920, Алғай с., Саратов обл.)

РККА-ға 1939-жылдың наурызында Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 97-кавполк құрамында 1942-жылдың шілдесінде хабарсыз кеткен. **Аға әскери фельдшер** (аға лейтенант).

ӘДІЛБЕКОВ Ғали (1908, Қызылқұм а., Семей обл. – 25.10.1943, Киев обл., Украина)

1939-1941-жж. Қызыл Армияның бронды-танк академиясында оқыған.

Ұлы Отан соғысына майор шенімен 110-танк дивизиясы 1-танк батальонының командирі болып 1941-жылдың шілдесінде



Витевск қаласы маңында кіреді. 1942-жылдың ақпанында гв.подполковникті алып, 121-танк бригадасы командирінің орынбасарына тағайындалады. 1943-жылдың 21-қарашасында 47-дербес гвардиялық танк полкінің командирі лауазымында, Днепр үшін шайқаста жау минометінен қаза табады.

Екі мәрте «Жауынгерлік Қызыл Ту» (13.02.1942, 1943), **«Қызыл Жұлдыз»** ордендерімен марапатталған.

ӘДІЛБЕКОВ Елубай (1925, Қорғантөбе қ., Тәжік ССР-і – 19.02.1945, Шығыс Пруссия)

Қызыл Армияға 1943-жылдың 23-наурызында Тәжік ССР-і Қорғантөбе облысының Октябрь аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 17-гв.атқ. дивизиясының 52-гв.атқ.полкі құрамында (**атқ.взводының командирі**) 1945-жылдың 19-ақпанында оққа ұшқан. **Кіші лейтенант.**

Шығыс Пруссияның Кракау елді мекеніне жерленген.

ӘДІЛБЕКОВ Көшкөлебай (1907, Жамбыл обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың қаңтарында Жамбыл облысының Жамбыл аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 49-атқ. дивизиясының 551-атқ.полкі құрамында 1-атқ.батальонының партиялық ұйымдастырушысы. Лейтенант. 4 мәрте жараланған (25.12.1942, 11.03.1942, 10.06.1943, 7.02.1945).

«Жауынгерлік Қызыл Ту» орденімен (14.06.1945), **«Жауынгерлік еңбегі үшін»** медалімен (12.07.1943) марапатталған.

ӘДІЛБЕКОВ Серғали (1922, Ақмола обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың қаңтарында Ақмола облысының Ақмола аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысына 347-атқ. дивизиясының 907-арт.полкі құрамында (**батарея командирі**) қатысқан. **Лейтенант.**

2-дәрежеді «Отан соғысы» орденімен марапатталған (11.02.1945).



ӘДІЛБЕКОВ Хамит (1914, Шымкент ауд., Оңт.Қаз.обл. – 6.01.1944)

Қызыл Армияға 1940-жылдың 19-мамырында Алматы қаласының Ленин аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 213-атқ. дивизиясының 793-атқ.полкі құрамында (атқ.взводының командирі) 1944-жылдың 6-қаңтарында қаза болған. **Кіші лейтенант.**

ӘДІЛОВ Бозтай (1921)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 10-сәуірінде барған.

Ұлы Отан соғысында 47-гв. атқ.дивизиясының 140-гв.атқ. полкі құрамындағы **1-атқ. батальонының комсомол ұйымдастырушысы. Гв.кіші лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен (6.06.1945), «Өжеттігі үшін» (2.08.1944), «Жауынгерлік еңбегі үшін» (27.10.1943) медальдарымен марапатталған.

ӘДІЛОВ Ерман (1921, Гурьев обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың

қаңтарында Гурьев облысының Бақсай аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 13-гв.атқ. дивизиясының 34-гв.атқ.полкі құрамында **санитарлық ротаның фельдшері. Гв.мед.қызм.кіші лейтенанты.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (23.02.1945).

ӘДІЛОВ Есен Бекұлы (1914, Сырдария ауд., Қызылорда обл. – 13.08.1943, Восточные Крипцы с., Смоленск обл., РСФСР)

РККА-ға Қызылорда облысының Сырдария аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 2-гв.атқ. корпусы, 91-гв.атқ.дивизиясының 277-гв.атқ.полкі құрамында (**2-миномет ротасының командирі**) 1943-жылдың 13-тамызында қаза тапқан. **Аға лейтенант.**

ӘДІЛОВ Жаңабай (1913, Жымпиты ауд., Батыс Қаз.обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың қыркүйегінде Батыс Қазақстан облысының Жымпиты аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 6-гв.



кав. корпус 5-дербес байланыс дивизионының аға ветфельдшері. Гв.вет.қызм.аға лейтенанты.

«Өжеттігі үшін» (2.12.1944), 2 мәрте «Жауынгерлік еңбегі үшін» (7.04.1943, 17.05.1945) медальдарымен марапатталған.

ӘДІЛОВ Қабжан Мақанұлы (1919, Бекайк с., Қобда ауд., Ақтөбе обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылдың желтоқсанында Қостанай облысының Карасук аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 122-атқ. дивизиясының 715-атқ. полкі құрамындағы 2-атқ. батальонының комсомол ұйымдастырушысы. Кіші лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (13.10.1944).

ӘДІЛОВ Садық (1916, №18-а., Қаратөбе ауд., Батыс Қаз.обл. – 24.07.1944, Польша)

РККА-ға 1940-жылы Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 81-атқ. дивизиясының 467-атқ. полкі құрамында (76 мм батарея командирі) 1944-жылдың 24-шілдесінде оққа ұшқан. Капитан.

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (30.01.1944).

Польшаның Камарув селосына жерленген.

ӘДІЛОВ Тәжі (1920)

Қызыл Армияға 1940-жылы Алматы қаласының Фрунзе аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 313-атқ. дивизиясының 856-арт. полкі құрамында барлау взводының командирі. Кіші лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (11.05.1945).

ӘДІЛОВ Төлебек Үкібасұлы (1922, Қарағанды обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылы Қарағанды қаласының Сталин аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 79-ауыр танкі полкінде механик. 1945-жылдың 29-мамырында



ауыр жараланып, госпитальге жөнелтіледі. **Гв.кіші техник-лейтенант.**

1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (18.06.1945).

ӘДІЛОВ Уәлитхан (1920, Семей қ. – 13.12.1943)

Қызыл Армияға 1939-жылы Жаңасемей аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 299-атқ. дивизиясы 956-атқ. полкі құрамында вет.фельдшер. 1943-жылдың 13-желтоқсанында қаза тапқан. **Вет.қызм.лейтенанты.**

«Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған (28.10.1943).

ӘДІЛОВ Шәкірат (1907, Жамбейті ауд., Батыс Қаз.обл. – 21.03.1945, Венгрия)

РККА-ға 1941-жылдың шілдесінде Батыс Қазақстан облысының Жымпиты аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 316-атқ. дивизиясының 1077-атқ.полкі құрамында **(атқ.ротасының**

командирі) 1945-жылдың 21-наурызында қаза тапқан. **Аға лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (14.12.1944).

Жау зеңбірегінің дәл тиген снаряды денесін бөлшектеп жаншаққа шашып жібергесін, жерлеуге мүмкіндік болмаған.

ӘДІЛШИН Қайым (1923, Малые Чепуряки с., Красноармейский ауд., Сталинград обл. – 8.02.1945)

Қызыл Армияға 1943-жылдың 1-маусымында Қарағанды қаласының Сталин аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 35-атқ. дивизиясы құрамында 1945-жылдың 8-ақпанында қаза тапқан. **Кіші лейтенант.**

ӘДІШЕВ Рымбек (1917, Қарағанды обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың мамырында Қарағанды облысының Қарқаралы аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 8-гв. атқ. дивизиясының 23-гв. атқ.



полкі құрамындағы **2-атқ. батальонының партиялық ұйымдастырушысы. Гв.кіші лейтенант.** 3 рет (10.08.1942, 26.11.1943, 24.12.1944) жараланған.

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (25.01.1945).

ӘЖЕНОВ Изенбай (1918, Кулагино с., Есбол ауд., Гурьев обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылдың 25-қыркүйегінде Гурьев облыстық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 13-армияның 117-дербес жолқұрылыс батальоны құрамында **взвод командирі. Лейтенант.**

И.Әженовтің взводы - дербес батальондағы 16 взвод арасында міндеттемені орындауда 3-орыннан төмен түсіп көрмеген. Воронеж майданы құрамындағы 13-армияның бұл батальоны жау ұшақтарының бомбалауы, оқ жаудыруы, зеңбіректері мен минометтерінің снарядтары мен миналары астында ауадай қажетті жолдар ман көпірлер салуда ерлікті еңбектің түрін көрсеткен.

1943-жылдың маусымында

біздің қару-жарақ тиелген 3 эшалон Понури стациясынан бірінен соң бірі шыққалы тұрғанда - жаудың 4 ұшағы бомба мен пулеметтерінің астына алады. Вагондар бітіртіндеп өртене бастайды. Сол кезде И.Әженовтің взводы (50 жауынгер) жан ұшырумен 1 сағаттың ішінде екі бағытта жалпы ұзындығы 1,6 шақырым рельсті төсеп, кептеліп қалған эшалондардың станциядан шығып кетулеріне жағдай туғызып береді. Сондай-ақ, бұл взводтың бір өзі шілдеде Десна және Сейм өзендеріне де бомба мен оқ астында жедел түрде корпустық маңызы бар екі көпірді тұрғызып береді.

Бірінен соң бірі екі рет жараланудан кейін, батальонына оралған оған мұсылман халықтарынан жасақталған жаңа взводты басқаруға береді. Ол қарамағындағылармен жақсы тіл табысып, саяси-тәрбие жұмысын да тиянақты жүргізуі арқасында айлық жоспарды үнемі 150-180 пайызға орындаумен болады. Одерге аласапыранға еш қарамастан 11 көпір салуда И.Әженовтің взводы 1-орынға



шығып, 1-Украин майданы қолбасшысынан алғыс алады.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен (25.02.1945), «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен (11.10.1943) марапатталған.

ӘЖМАҒАМБЕТОВ Сұлтан (1911, Ақтөбе обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 22-мамырында Ақтөбе облысының Ырғыз аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 60-атқ. дивизиясының 1285-атқ. полкі құрамында атқ. ротасының командирі. Лейтенант. 1943-жылдың 7-наурызында ауыр жараланудан әскерге жарамсызданған.

«Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған (21.02.1945).

ӘЖМҰРАТОВ Қасым Наурызәліұлы (1924, Теңіз ауд., Гурьев обл. – 22.03.1945, Латвия)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 24-сәуірінде Гурьев облысының Теңіз аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 332-атқ.

дивизиясының 1115-атқ. полкі құрамында (атқ. взводының командирі) 1945-жылдың 22-наурызында ауыр жараланудан №1949-эвакуациялық госпитальде көз жұмған. Лейтенант.

Латвияның Крустинле қаласындағы зираттың №206-моласына жерленген.

ӘЖІБАЕВ Аманжол Әжібайұлы (1923, Балықшы п., Гурьев обл. – 17.07.1943, РСФСР)

Қызыл Армияға 1942-жылы Гурьев облысының Гурьев аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 151-атқ. дивизиясының 581-атқ. полкі құрамында (атқ. взводының командирі) 1943-жылдың 17-шілдесінде қаза тапқа. Лейтенант.

Ростов облысының Куйбышев ауданындағы Ясновский селосындағы бауырластар зиратына жерленген.

ӘЖІБАЕВ Әнуарбек Молдағалиұлы (1921, Семей қ.)

Қызыл Армияға 1940-жылы Семей қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.



Ұлы Отан соғысында 123-дербес атқ.бригадасы құрамында (атқ.ротасы командирінің сап бойынша орынбасары) 1942-жылдың 20-шілдесіндегі ұрыста хабарсыз жоғалған. **Лейтенант.**

ӘЖІБАЕВ Жолдас (1908, Жамбыл обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылы Жамбыл облысының Жамбыл аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 18-армияның 490-дербес танк жойғыш арт.полкі құрамында зеңбірек взводының командирі. **Лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (31.10.1943).

ӘЖІБАЕВ Үмбет Хайроллаұлы (1912, Астрахан обл., РСФСР)

Қызыл Армияға 1941-жылдың 27-шілдесінде РСФСР-дің Астрахан облысындағы Құмөзек аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 28-гв.мот о-атқ.бригадасы құрамында атқ. взводының командирі. **Гв.кіші лейтенант.**

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (16.05.1945).

ӘЖІБАЕВ Шығымбай (1908, Совет ауд., Солт.Қаз.обл. – 25.07.1944)

РККА-ға 1942-жылы Солтүстік Қазақстан облысының Совет аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 211-атқ. дивизиясының 896-атқ.полкі құрамында (атқ.ротасының командирі) 1944-жылдың 25-шілдесінде қаза тапқан. **Аға лейтенант.**

Александр Невский орденімен марапатталған (31.08.1944).

ӘЖІБЕКОВ Хамза (1923, Семей обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылы Семей облысының шұбартау аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 30-атқ. дивизиясының 256-атқ.полкі құрамында атқ.взводының командирі. **Гв.кіші лейтенант.**

«Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған (6.11.1947).



ӘЖІҒАЛИЕВ Вагап Мұхамедғалиұлы (1913, Гурьев обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың ақпанында Гурьев облысының Теңіз аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 75-гв. атқ. дивизиясының 241-гв. атқ. полкінде пулемет взводының командирі (1942), 132-атқ. дивизиясының 498-атқ. полкінде атқ. взводының командирі (1942-1943). Гв. лейтенант.

«Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған (6.11.1947).

ӘЖІҒАЛИЕВ Ғұмар Хайроллаұлы (1914, Владимирова с., Астрахан обл., РСФСР)

Қызыл Армияға 1940-жылдың маусымында РСФСР-дің Сталинград облысындағы Владимирский аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 248-атқ. дивизиясының 905-атқ. полкі құрамында вет.фельдшер. Вет. қызм. лейтенанты.

2-дәрежелі «Отан соғысы» (6.04.1985), «Қызыл Жұлдыз»

(26.05.1945) ордендерімен марапатталған.

ӘЖІҒАЛИЕВ Ғұсман (1912, Казталовка п., Батыс Қаз. обл.) РККА-ға 1941-жылдың сәуірінде Батыс Қазақстан облысының Казталовка аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 9-гв. әуе десанты дивизиясының 26-гв. әуе дес. полкі құрамында атқ. ротасының командирі. Аға лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен (5.06.1945), «Сталинградты қорғағаны үшін» медалімен (1943) марапатталған.

ӘЖІҒАЛИЕВ Жаңбыр (1920, Мерген с., Чапаев ауд., Батыс Қаз. обл. – 28.10.1943)

Қызыл Армияға 1942-жылы Батыс Қазақстан облысының Чапаев аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 573-атқ. полкі құрамында (атқ. взводының командирі) 1943-жылдың 28-қазанында қаза тапқан. Лейтенант.



ӘЖІҒАЛИЕВ Қабжан (1918, Затобольск ауд., Қостанай обл. – 28.06.1943)

Қызыл Армияға Қостанай қалалық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында Батыс майданның 251-атқ. дивизиясы құрамында 1943-жылдың 28-маусымында оққа ұшқан. **Лейтенант.**

ӘЖІҒАЛИЕВ Төкіс Әжіғалиұлы (1920, Мартыново с., Батыс Қаз. обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылы Орал қалалық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 47-гв. алысты барлау авиа. полкі құрамында ұшқыш-байқаушы. **Лейтенант.**

«За период ведения боевой работы в полку с апреля 1944 года по 23 мая 1944 года произвел 10 боевых вылетов на разведку глублких тылов противника по вскрытию подхода резервов, загруженности ж.д. станции и узлов, базирования авиации. 10 боевых вылетов выполнил отлично с фотографированием. За это время разведал и вскрыл ж.д. узлы и станции: ДА-

УГАВПИЛС, РЕЗЕКНЕ, ЛУДЗА, ЗИЛУППЕ, ИДРИЦА, СЕБЕЖ, ДРИССА, ОПОЧКА, КАРСАВА, БОРКОВИЧИ и другие, на котрых вскрыл: 359 составов состоящих из 2450 вагонов и платформ, по шоссейным и грунтовым дорогам обнаружено 980 автомашин и повозок, на аэродромах 95 самолетов разного типа.

Имея отличную теоретическую подготовку тов. Ажғалиев владеет всеми способами самолетовождения, не раз приводил самолет свой аэродром в сложных метеоусловиях по средствам ЗОС.

При выполнении боевых заданий правильно и грамотно использует различные методы ведения воздушной разведки. Используя метоусловия солнце и облачность тов. АЖҒАЛИЕВ приводит самолет на цель внезапно для противника и несмотря на прикрытие цели ЗА и ИА всегда задание выполняет, при этом делает 2-3 захода.

Сейчас, имея опыт воздушного разведчикаеще с большим желанием летает на боевые задания, упорно и настойчиво выполняет их.

За отличное выполнение 10 боевых вылетов на дальнюю разведку



и проявленные при этом мужество и отвагу достоин правительственной награды ордена «Красное Знамя».

Командир полка гвардии полковник ТЮРИН

23 мая 1944 года.

Лейтенант АЖГАЛИЕВ Т.А. успешно выполнил 10 боевых заданий на разведку глубокий тыл противника. Обнаружил и сфотографировал: 359 ж.д.составов, 980 машин, 95 самолетов. Летает в сложных метеоусловиях. При выполнении боевого задания смелый и настойчивый.

За отличное выполнение 10 боевых заданий, достоин правительственной награды ордена «Красное Знамя».

Зам.начальника штаба ВВС КА по разведке

генерал-лейтенант авиации ГРЕНДАЛЬ

29 мая 1944 года»

Бірақ, Қызыл Армия авиациясы барлауның басшысы генерал-лейтенант қолдағанымен Т.Әжіғалиев бұл жоғары дәрежелі орденнің орнына «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталғанын көрместен өмірден озады.

«За отличное выполнение 10 боевых вылетов на дальнюю разведку и проявленные при этом мужество и отвагу 23 мая 1944 года представлен к Правительственной награде – ордена «Боевое Красное Знамя».

За период с 23 мая по 30 июня 1944 года в составе экипажа успешно выполнил последующие 14 боевых вылетов на разведку глубоких тылов противника, по вскрытию загруженностью железнодорожных узлов, станций, скопление живой силы и техники, а также базирование авиации противника на аэродромах; все задания выполнил на отлично, что подтверждено фотографированием.

За этот период разведал и сфотографировал ж.д.узлы, станции и аэродромы: ДАУГАВПИЛС, РЕЗЕКНЕ, ЛУДЗА, ЗИЛУНЕ, ИДРИЦА, КРУСПИЛС, СЕБЕЖ, ДРИССА, ОПОЧКА, КАРСАВА, БОРКОВИЧИ и другие, на которых вскрыто: 138 ж.д.составов, состоящих из 6937 вагонов и платформ, 150 самолетов разного типа, по шоссейным дорогам обнаружил до 1575 автомашин. При выполнении боевых заданий



используя солнце и облачность, всегда выходил скрыто для противника на цель и производя фотографирование и визуальное наблюдение, привозил ценные данные о противнике. Выполняя задания попадал под огонь ЗА и противодействия ИА противника, всегда задания выполнял до конца и привозил ценные о базировании авиации и движении транспорта противника.

За успешное выполнение последующих 14 боевых вылетов на дальнюю разведку и проявленные при этом мужество и отвагу, достоин ВТОРОЙ Правительственной награды – ордена «Отечественная война» второй степени.

Командир полка

гвардии полковник ТЮРИН

1 июля 1944 года»

2-дәрежелі «Отан соғысы» (21.07.1944), «Қызыл Жұлдыз» (15.08.1944) ордендерімен марапатталған.

Бүкіл полк мақтаншы Төкіс Әжіғалиев 1944-жылдың 9-тамызында кезекті әскери тапсырманы орындаудан оралмаған.

ӘЖІҒҰЛОВ Халел (1912, Алматы қ.)

РККА-ға 1938-жылдың 10-қазанында Алматы облысының Қаскелен аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 101-дербес атқ.бригадасы дербес пулемет батальоны командирінің матариалдық жабдықтау бойынша көмекшісі (1942-1944), 119-атқ.дивизиясының 349-арт.полкі командирінің жабдықтау бойынша көмекшісі (1944-1945). **Инт.қызм. капитаны.**

2-дәрежелі «Отан соғысы» (6.04.1985), «Қызыл Жұлдыз» (30.05.1945) ордендерімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен (9.04.1944) марапатталған.

ӘЖІКЕНОВ Бағыт (1917, Талқайраң с., Бақсай ауд., Гурьев обл.)

РККА-ға 1942-жылы Гурьев облысының Бақсай аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 24-атқ.дивизиясының 168-атқ. полкі құрамындағы 1-атқ. батальонының партиялық



ұйымдастырушысы. Аға лейтенант.

2-дәрежелі «Отан соғысы» (2.06.1945), «Қызыл Жұлдыз» (26.12.1944) ордендерімен марапатталған.

ӘЖІМЕТОВ Сұлтанбек (1914, Ленинское с., Оңт.Қаз.обл.)

Қызыл Армияға Оңтүстік Қазақстан облысының Қаратас аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 100-дербес атқ.бригадасы құрамында **атқ.взводының командирі. Кіші лейтенант.**

«1943-жылдың 5-қаңтарында қаза болып, РСФСР-дің Калинин облысындағы Великолукский ауданының Сахны деревнясына жерленді» деген қаралы хабар үйіне жіберілгенде, кейін госпитальде ұзақ емделуден кейін, әскерге жарамсыз ретінде елге қайтарылады.

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (6.04.1985).

ӘЗИЗАХМЕТОВ Әбу (1907, Ақмола обл.)

РККА-ға 1942-жылдың желтоқсанында Ақмола облысының Ақмола аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 18-гв. мех.дивизияның 59-гв.мех. полкі құрамындағы **танк батальонының технигі. Аға лейтенант.**

«Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған (16.02.1946).

ӘЗИЗОВ Асқар Мырзаұлы (1919, Қостанай обл.)

Ұлы отан соғысында 377-атқ. дивизиясы құрамында (**атқ. взводының командирі**) 1942-жылдың 31-қаңтарында Ленинград облысы аумағындағы ұрыс қимылдарында хабарсыз жоғалған. **Лейтенант.**

ӘЗИЗОВ Мәтжан (1920, Арал ауд., Қызылорда обл.)

РККА-ға 1938-жылы Қызылорда облысының Арал аудандық әскери комиссариатынан алынған. Жаяу әскер училищесін лейтенант шенімен бітірген.

Ұлы Отан соғысында **атқ. ротасының командирі. Аға лейтенант.**



1942-жылдың наурызында хабарсыз кеткен.

ЭЗМАҒАМБЕТОВ Төлеміс (1923, Гурьев қ. – 30.07.1944, Польша)

Қызыл армияға Гурьев қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 165-атқ. дивизиясының 641-атқ. полкі құрамында (**пулемет взводының командирі**) Польшаны азат етуде 1944-жылдың 30-шілдесінде қаза болған. **Кіші лейтенант.**

Польшаның Варшава воеводствосындағы Седлецк уезінің Лазиска деревнясынан солтүстік-шығысқа қарай 2 шақырым жерге жерленген.

ЭЗІМБАЕВ Ғибрат (1914, Алматы қ.)

Қызыл Армияға Алматы қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 131-атқ. дивизиясы құрамында 1942-жылдың 26-тамызында хабарсыз кеткен. **Кіші лейтенант.**

ЭЗІМҚҰЛОВ Арон (1923, Қызыл үңгір с., Ленгер ауд., Оңт. Қаз. обл. – 15.08.1943, Украин ССР-і)

Қызыл Армияға Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 52-гв. атқ. дивизиясы 151-гв. атқ. полкі құрамында (**атқ. взводының командирі**) 1943-жылдың 15-тамызында қаза тапқан. **Кіші лейтенант.**


Харьков облысының Краснокутск ауданындағы Кочановка селосына жерленген.

ЭЗІМОВ Рахмет Садықұлы (1909, Жамбыл қ.)

Қызыл Армияға 1941-жылы Жамбыл қалалық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 4-гв. атқ. бригадасы құрамында (**дербес атқ. батальонының аға фельдшері**) 1942-жылдың 16-қыркүйегінде хабарсыз жоғалған. **Аға әскери фельдшер (аға лейтенант).**

ӘЙТЕНОВ Шәкіржан (1915, №5-ыа., Шалқар ауд., Ақтөбе обл.)
Қызыл Армияға 1937-жылы



Ақмола қалалық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 12-гв.атқ. дивизиясының 32-гв.атқ.полкі құрамында **атқ.взводының командирі. Гв.лейтенант.**

1-ші (1.08.1986) және **2-ші** (6.11.1945) дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

ӘЙТІМОВ Ислам (1912, №2-а., Сырдария ауд., Қызылорда обл. – 31.12.1943, Белоруссия)

Қызыл Армияға 1942-жылы Қызылорда облысының Шиелі аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында **атқ. взводының командирі. Лейтенант.**

1943-жылдың 3-желтоқсанында ауыр жараланудан қаза болған.

Витевск облысының Дубровенский ауданындағы орловичи деревнясына жерленген.

ӘЙТІМОВ Қайыс Қасымұлы (1908, Пресновский ауд., Солт.Қаз. обл. – 4.03.1943, Ленинград обл.)

Қызыл Армияға Солтүстік Қазақстан облысының Преснов-

ский аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 47-дер-бес атқ.бригадасы құрамында (**атқ.взводының командирі**) 1943-жылдың 4-наурызында қаза тапқан. **Кіші лейтенант.**

Ленинград облысының Залучск ауданындағы Медведево деревнясына жерленген.

ӘЙІПҚАЛИЕВ Құстанғали Бекімұлы (1918, Алматы обл.)

РККА-ға 1939-жылы Алматы облысының Алакөл аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 51-гв. атқ.дивизиясының 156-гв.атқ. полкі құрамында **атқ.ротасының командирі. Гв.аға лейтенант.**

«Старший лейтенант Аипкалиев в наступательных боях в районе города Невель Калининской области, проявил себя решительным, тактически грамотным командиром.

Умело маневрируя, тов.Аипкалиев выполнил поставленную боевую задачу, высота была взята. В боях за эту высоту бойцами подразделения тов.Айткалиева было уничтожено около 30 фашистов



и захвачены траншеи.

' За умение руководить боем подразделения, личную отвагу и находчивость – гвардии старший лейтенант Аипкалиев представляется к Правительственной награде ордену «Красная Звезда.

Командир 156 гв. стр. полка гвардии подполковник Лехман 4 декабря 1943 года»

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (15.12.1943).

ӘЙШЕВ Нығметжан (1910, Ақмола обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылы Ақмола облыстық әскери комиссариатынан алынған.

106-атты әскер дивизиясы 269-атты әскер полкі миномет батареясының саяси жетекшісі (1942). **Кіші политрук (лейтенант).**

ӘЙШЕВ Оңберген Қошанұлы (1924, Тайсойған с., Қызылқоға ауд., Гурьев обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылы Гурьев облысының Мақат аудандық аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 96-гв.

атқ. дивизиясының 291-гв. атқ. полкі құрамында (**атқ. взводының командирі**) 1943-жылдың 30-шілдесінде Украинаның Сталин (Донецк) облысындағы Степановка селосы үшін шайқаста хабарсыз жоғалған. **Гв. кіші лейтенант.**

ӘКЕЖАНОВ Айтмұхамбет (1914, Тельман ауд., Қарағанды обл. – 2.04.1945, Германия)

Қызыл Армияға 1940-жылы Қарағанды қаласының Киров аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 10-гв. танк корпусының 61-гв. танк бригадасы құрамында **автоматшылар взводының командирі. 1942-жылдың 2-сәуірінде қаза болған. Гв. кіші лейтенант.**

Силизияның Роземау деревнясына жерленген.

ӘКЕЖАНОВ Байзолла

Әкежанұлы (6.02.1923, Тұсағаш с., Ақсу ауд., Павлодар обл.)



Орынбор авиация училищесінде



курсант (1941-1943). Училищені кіші лейтенант шеніндегі ұшқыш ретінде бітіргесін, Қиыр Шығыста, Благословенка аэродромында түрлі қызметтерді атқарады (1943-1944). Майданға әлденеше рет сұранғанымен, тек 1944-жылдың қазанында 95-авиациалық полкте штурмовик-ұшқыш ретінде алғаш рет кіреді. 1945-жылдың сәуір айының екінші жартысында Берлин аспанына 4 рет өтіп, суретке түсіріп, жердегі дұшпанға соққы беріп қайтады. Кіші лейтенант.

2-дәрежелі «Отан соғысы» (6.04.1985), «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «Өжеттігі үшін» медалімен (14.05.1945) марапатталған.

Ұлы Отан соғысынан кейін әскерде қалдырылып, одан 1960-жылы алысты бомбалаушы эскадрилья командирінен (батальонға тең) капитан шенімен босатылады.

ӘКЕЖАНОВ Зейнолла (1917, Құркөл с., Павлодар обл.)

РККА-ға 1939-жылдың қарашасында Павлодар облысының Каганович аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында **10-арт. корпус байланыс қызметі бастығының көмекшісі. Гв.капитан.**

1-ші (1.08.1986) және 2-ші (31.05.1945) дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» (14.04.1942) ордендерімен марапатталған.

ӘКЕЖАНОВ Жақсыхан (1917, Шығыс Қаз.обл.)

Қызыл Армияға 1938-жылы Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 17-атқ. дивизиясының 1314-атқ.полкі құрамында пулемет взводының, ротасының командирі. **Лейтенант.** 1943-жылдың 30-қарашасында ауыр жараланумен саптан шыққан.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен (6.11.1943), «Өжеттігі үшін» медалімен (31.03.1943) марапатталған.

ӘКТІБАЕВ Кәкімжан (1920, Қостанай обл. -10.01.1944, Украина)

Қызыл Армияға Қостанай



облысының Таран аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 8-атқ. дивизиясының 29-атқ. полкі құрамында (**атқ. взводының командирі**) 1944-жылдың 10-қаңтарында қаза тапқан. **Кіші лейтенант.**

Киев облысының Обухов қаласындағы зиратқа жерленген.

ӘКІБАЕВ Әкімбай (1920, Алматы обл. – 19.02.1943, Ленинград обл.)

Қызыл Армияға Алматы облысының Бөрлітөбе аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 397-атқ. дивизиясының 448-атқ. полкі құрамында (**атқ. взводының командирі**) 1943-жылдың 19-ақпанында оққа ұшқан. **Кіші лейтенант.**

Ленинград облысының Пустошино деревнясы жанындағы орманға жерленген.

ӘКІБАЕВ Әлнияз (1920, Арал ауд., Қызылорда обл. – 20.03.1945)

Қызыл Армияға 1942-жылы

Қызылорда облысының Арал аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 380-атқ. дивизиясының 1264-атқ. полкі құрамында (**атқ. взводының командирі**) 1945-жылдың 20-наурызында қаза болған. **Кіші лейтенант.**

ӘКІБАЕВ Әміржан (1909, Саржан а., Абай ауд., Семей обл. – 17.08.1943, Пустошка д., Мгинск ауд., Ленинград обл.)

РККА-ға 1941-жылдың 28-маусысында Семей облысының Абай аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 311-атқ. дивизиясының 1071-атқ. полкі құрамында (**1-атқ. батальонының командирі**) 1943-жылдың 17-тамызында қаза болған. **Капитан.**

2-дәрежелі «Отан соғысы» (8.10.1943) орденімен, «Өжеттігі үшін» медалімен (12.07.1943) марапатталған.

ӘКІБАЕВ Қажыхан (1917, Семей обл. – 13.08.1943, Курск обл.)

Қызыл Армияға 1938-жылы Семей қалалық әскери комиссариата-



тынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 27-гв. танк бригадасы құрамында (танкке қарсы взвод командирі) 1943-жылдың 13-тамызында қаза тапқан. Гв.лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (4.09.1943).

Курск облысының Шебекино қаласына жерленген.

ӘКІБАЕВ Қарыс (1921, Күйгенкөл с., Жәнібек ауд., Батыс Қаз.обл. – 28.01.1944, Украина)

Қызыл Армияға Батыс Қазақстан облысының Жәнібек аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 135-атқ. дивизиясының 396-атқ.полкі құрамында (атқ.взводының командирі) 1944-жылдың 28-қаңтарында қаза тапқан. Кіші лейтенант.

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (6.04.1985).

Винница облысының Оратовск ауданындағы Оратово деревнясындағы зиратқа жерленген.

ӘКІМБАЕВ Аманбай (1908)

РККА-ға 1942-жылы Алматы қаласының Ленин аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 1620-арт.полк құрамында батарея командирі. Аға лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (14.05.1945).

ӘКІМБАЕВ Ғабдолла (1916, Семей обл.)

РККА-ға 1937-жылдың 20-қазанында Семей облысының Аягөз аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Жаяу әскер училищесін лейтенант шенімен бітірген (1939).

Ұлы Отан соғысында 127-атқ. дивизиясының 55-мотоатқ.полкі құрамында атқ.взводының командирі (1939-1941). Аға лейтенант. 1941-жылдың 10-тамызында ауыр жаралаңғанынан майданға жіберілмеген.

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (6.08.1946).

ӘКІМБАЕВ Жұмалы Әкімбайұлы (1919, Ново-Александровка с., Қордай ауд., Жам-



был обл.)

Қызыл Армияға 1945-жылдың ақпанында РСФСР-дің Алтай өлкесіндегі Ленин аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 43-зениттік дивизия құрамында **барлау взводының командирі. Кіші лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен (21.05.1945), «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

ӘКІМБАЕВ Қабден (1920, Павлодар обл. – 21.02.1943, Ленинград обл.)

Қызыл Армияға Павлодар облысының Павлодар аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 144-дербес атқ.бригадасы құрамында (взвод командирі) 1943-жылдың 21-ақпанында оққа ұшқан. **Кіші лейтенант.**

Ленинград облысының Лычковский ауданындағы Грязная Новинка деревнясына жерленген.

ӘКІМБАЕВ Қабылбек (1914, Жамбыл обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылы Жамбыл облысының Луговой аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 254-атқ. дивизиясының 936-атқ.полкі құрамында **атқ.взводының командирі. Кіші лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (9.03.1944).

ӘКІМБАЕВ Толамбек Алпысұлы (1924, Сарқанд ауд., Талдықорған обл. – 28.01.1945, Латвия)

Қызыл Армияға 1942-жылдың наурызында Талдықорған облысының Сарқанд аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 8-гв.атқ. дивизиясының 30-гв.атқ.полкі құрамында (**атқ.взводының командирі**) 1945-жылдың 28-қаңтарында қаза болған. **Кіші лейтенант.**

Латвияның Салду уезіндегі Винита деревнясы жанындағы орманға жерленген.

ӘКІМЖАНОВ Әнуарбек Әкімжанұлы (1914, Семей обл.)



РККА-ға 1941-жылдың 23-маусымында Семей қалалық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 4-Украин майданы штабы жанындағы атқ. ротасының командирі. Гв.аға лейтенант.

«Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған (24.08.1944).

ӘКІМЖАНОВ Садық Шәрікұлы (1904, Лехтинск с., Андреев ауд., Алматы обл. – 3.02.1945)

РККА-ға Алматы облысының Андреев аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 666-атқ. полкі құрамында (атқ.взводының командирі) 1945-жылдың 3-ақпанында қаза болған. Аға лейтенант.

ӘКІМОВ Ұйылша (1923, Гурьев обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылы Гурьев облысының Мақат аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 47-атқ. дивизиясының 334-атқ.полкі құрамында атқ.взводының

командирі. Кіші лейтенант.

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (22.08.1944).

ӘКІШЕВ Сейтмағамбет (1903, Қарсақбай ауд., Қарағанды обл. – 14.10.1944, Польша)

Қызыл Армияға 1943-жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Шаян аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 399-атқ. дивизиясының 1348-атқ.полкі құрамында (атқ.взводының командирі) 1944-жылдың 14-қазанында қаза тапқан. Кіші лейтенант.

Варшава воеводствосының Макуевский уезіндегі Страхоцин деревнясына жерленген.

ӘЛБАЗАРОВ Шапағат (1923, Қарағанды қ.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 10-ақпанында Қарағанды қаласының Киров аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 22-гв. мех.дивизияның 72-гв.мех.полкі құрамында атқ.взводының командирі. Гв.лейтенант.



«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (17.08.1946).

ӘЛБЕКОВ Сейланап (1917, Қызылорда обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың 17-тамызында Қызылорда облысының Тереңөзек аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 1-украин майданының 500-дербес пулемет-арт. баталоны құрамында **зеңбірек взводының командирі. Лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (21.02.1944).

ӘЛДЕКОВ Ордаш (1919, Шымкент қ. – 21.11.1943)

Қызыл Армияға 1940-жылдың 13-қаңтарында Шымкент қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 145-атқ. дивизиясы құрамында 1943-жылдың 21-қарашасында қаза тапқан. **Лейтенант.**

ӘЛДІБАЕВ Асылғазы (1924, Алматы обл. – 14.01.1945)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 28-тамызында Алматы облысы-

нан алынған.

Ұлы Отан соғысында 82-атқ. дивизиясы құрамында 1945-жылдың 14-қаңтарында қаза тапқан. **Кіші лейтенант.**

ӘЛДІБАЕВ Николай Қырбасұлы (1922, Алматы қ. – 29.08.1943)

Қызыл Армияға Алматы қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 242-таулық атқ. дивизиясы құрамында 1943-жылдың 29-тамызында қаза тапқан. **Лейтенант.**

ӘЛДІШЕВ Мұстафа (1908, Шалқар қ., Ақтөбе обл. – 24.08.1942)

Қызыл Армияға Ақтөбе облысының шалқар аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 82-атқ. дивизиясы құрамында (**рота саяси жетекшісі**) 1942-жылдың 24-тамызында оққа ұшқан. **Политрук (аға лейтенант).**

ӘЛЕНОВ Әбдірахман (1913, Қазақ с., Небит-Даг ауд., Красно-



водск обл., Түрікмен ССР-і)

Қызыл Армияға 1943-жылдың наурызында Түрікмен ССР-інің Красноводск облысындағы Небит-Даг аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 359-атқ. дивизиясының **443-дербес сапер.батальонының партиялық ұйымдастырушысы. Кіші лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (8.05.1945).

ӘЛЕНОВ Мәссәлім (1917, Новобогат с., Гурьев обл.)

Қызыл Армияға 1938-жылы Гурьев облысының Гурьев аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 123-атқ. дивизиясының **484-атқ.полкі құрамында атқ.ротасының командирі. Лейтенант.** 1943-жылдың 23-қаңтарында оң жамбасы мен тізесін снаряд жарықшағы талқандауынан – әскерден босатылған.

1-дәрежелі «Отан соғысы» (6.04.1985), «Қызыл Жұлдыз» (6.11.1945) ордендерімен марапатталған.

ӘЛЕНОВ Сейілбек Миронұлы (1920, Қостанай обл.)

Қызыл Армияға 1940-жылдың қазанында Қостанай облысының Урицкий аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 145-атқ. дивизиясының 729-атқ. полкі құрамында **жаяу барлау взводының командирі. Кіші лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (26.01.1944).

ӘЛЖАНОВ Айтбай (1904, Мақтаарал ауд., Оңт.Қаз.обл. – 25.02.1943, РСФСР)

Қызыл Армияға Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 4-дербес атқ.бригадасы құрамында (**атқ.ротасы командирінің саяси орынбасары**) 1943-жылдың 25-ақпанда қаза тапқан. **Лейтенант.**

Орел облысының Ульянов ауданындағы Восты деревнясына жерленген.



ӘЛЖАНОВ Ауғанбай (1924, Сарқанд с., Алматы обл.)

Қызыл Армияға 1943-жылдың наурызында Алматы облысының Сарқанд аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 8-гв.атқ. дивизиясының 30-гв.атқ.полкі құрамында 45 мм зеңбірек взводының командирі. Гв.кіші лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (7.11.1944).

ӘЛЖАНОВ Байдаррахман (1908, Ақмола обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың қыркүйегінде Ақмола облысының Ақмола аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 100-атқ. дивизиясының дербес зенит.пулемет ротасы құрамында взвод командирі. Лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (6.04.1945).

ӘЛЖАНОВ Бостан Әлжанұлы (1917, Қаржау а., Павлоград ауд., Омбы обл., РСФСР)

Қызыл Армияға 1942-жылы РСФСР-дің Омбы облысындағы

Павлоград аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 5-мотоатқ. бригадасының 3-дербес мотоатқ. батальоны құрамында 7-атқ.ротасы командирінің саяси орынбасары. Лейтенант.

1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен (6.04.1985), «Өжеттігі үшін» медалімен (28.12.1942) марапатталған.

ӘЛЖАНОВ Ғайнеден (1908, Саржал с., Семей обл.)

РККА-ға 1941-жылдың тамызында Алматы қаласының Сталин аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 7-гв.кав. корпус қаржы бөлімшесінің бастығы (1943-1945). Гв.инт. қызм.майоры.

2-дәрежелі «Отан соғысы» (9.06.1945), «Қызыл Жұлдыз» (3.12.1943) ордендерімен марапатталған.

ӘЛЖАНОВ Ғалым (1905, Ақмола обл. – 11.03.1944)

Қызыл Армияға 1942-жылы Алматы облысының Алакөл аудандық әскери комиссариатынан алынған.



Ұлы Отан соғысында 13-гв. атқ. дивизиясының 42-гв. атқ. полкі құрамында (атқ. взводының командирі) 1944-жылдың 11-наурызында қаза тапқан. **Лейтенант.**

ӘЛЖАНОВ Дулат (1915, Ақмола қ. – 26.03.1945, Польша)

Қызыл Армияға 1941-жылы Ақмола облысының Ақмола аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 186-атқ. дивизиясының 238-атқ. полкі құрамында **пулемет взводының командирі. Кіші лейтенант.**

Польшаның Данциг қаласы іргесіндегі Хеалле елді мекенінде 1945-жылдың 26-наурызында қаза тапқан, денесі табылмаған.

ӘЛЖАНОВ Дүйсенбай Мақашұлы (1922, Петропавловск қ. – 10.02.1945, Германия)

Қызыл Армияға 1941-жылдың 5-қыркүйегінде Петропавловск қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 397-атқ. дивизиясының 447-атқ. полкі құрамында (**атқ. ротасының командирі**) 1945-жылдың

10-ақпанында қаза тапқан. **Лейтенант.**

Александр Невский орденімен марапатталған (6.02.1945).

Германияның Померания ауданындағы Денциг Найдемюл деревнясына жерленген.

ӘЛЖАНОВ Есім Әжанұлы (1923, Солт. Қаз. обл.)

Қызыл Армияға 1940-жылдың 22-қыркүйегінде Солтүстік Қазақстан облысының Қызылту аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 360-атқ. дивизиясының 920-атқ. полкі құрамында **зеңбірек взводының командирі. Лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен (28.03.1945), «Өжеттігі үшін» медалімен (13.03.1944) марапатталған.

ӘЛЖАНОВ Жарылқасын (1907, №3-а., Тахтакөпір ауд., Қарақалпақ АССР-і, Өзбек ССР-і)

РККА-ға 1941-жылдың қазанында Өзбек ССР-інің Қарақалпақ АССР-індегі Тахтакөпір аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.



Ұлы Отан соғысында 85-гв.атқ. дивизиясының 90-дербес танкке қарсы дивизионы құрамында зенбірек взводының командирі. Аға лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (29.07.1944).

ӘЛЖАНОВ Кәмел (1916, Степняк қ., Ақмола обл. – 21.07.1943, РСФСР)

Қызыл Армияға 1942-жылы Ақмола облысының Еңбекшілдер аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 336-атқ. дивизиясының 1132-атқ.полкі құрамында (**танкке қарсы взвод командирі**) жараланудан 1943-жылдың 21-шілдесінде көз жұмған. **Лейтенант.**

Тула облысының Арсеньев ауданындағы Хлопово деревнясынан оңтүстік бағытта - 2 шақырым жердегі орманға жерленген.

ӘЛЖАНОВ Қабыкен Жақсылықұлы (1923, Горное с., Нұра ауд., Қарағанды обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың желтоқсанында Қарағанды

облысының Нұра аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 2-гв. армияның запас атқ.полкі құрамында танкке қарсы взвод командирі. Лейтенант.

«Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған (3.11.1944).

ӘЛЖАНОВ Қабыл Қайырұлы

Ұлы Отан соғысында 182-атқ. дивизиясының 232-атқ.полкі құрамында (**атқ.взводының командирі**) 1942-жылдың 29-ақпанында қаза тапқан. **Кіші лейтенант.**

ӘЛЖАНОВ Қойшыбай (1905, Шиелі ауд., Қызылорда обл. – 2.10.1944, Латвия ССР-і)

РККА-ға 1942-жылы Қызылорда облысының Шиелі аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 8-гв. дивизиясының 30-гв.атқ.полкі құрамында (**атқ.ротасының командирі**) 1944-жылдың 2-қазанында ауыр жараланудан көз жұмған. **Аға лейтенант.**

Латвияның Сигулдинск ауданындағы Коцуэни деревня-



сына жерленген.

ӘЛЖАНОВ Рамазан Боранбайұлы (1920, Солт.Қаз. обл. – 19.10.1941)

Қызыл Армияға 1939-жылы Петропавловск қалалық әскери комиссариатынан шақырылған. Жаяу әскер училищесін лейтенант шенімен бітірген (1941).

Ұлы Отан соғысында 288-атқ. дивизиясының 1012-атқ. полкі құрамында (атқ. взводының командирі) 1941-жылдың 19-қазанында қаза тапқан. **Лейтенант.**

ӘЛЖАНОВ Рахметолла (1917, Алматы обл.)

РККА-ға 1941-жылдың 28-шілдесінде Алматы облыстық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 254-атқ. дивизиясының 929-атқ. полкі құрамындағы атқ. батальонының штаб бастығы. Аға лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (6.11.1947).

ӘЛЖАНОВ Төлеген (1916, Оңт.Қаз. обл.)

РККА-ға 1939-жылы Шымкент

қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 207-атқ. дивизиясының 597-атқ. полкі инженерлік қызметінің бастығы. Аға лейтенант.

2-дәрежелі «Отан соғысы» (19.05.1945), «Қызыл Жұлдыз» (10.12.1944) ордендерімен марапатталған.

ӘЛЖАНОВ Үкібай (1914, Нүкіс қ., Өзбек ССР-і)

РККА-ға 1941-жылдың тамызында Өзбек ССР-інің Нүкіс қалалық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 1-мех. корпусының 647-дербес байланыс батальоны құрамында танк командирі. Аға лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (24.02.1945).

ӘЛЖАНОВ Хатжан (1905, Ленин ауд., Солт.Қаз. обл. – 28.11.1942, РСФСР)

РККА-ға Алматы облысының Алматы аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 100-Қазақ дербес атқ. бригадасы құрамында:



батальон комиссары (12.1941-06.1942), бригада саяси бөлімінің аға нұсқаушысы (06-11.1942).
Капитан.

Калинин облысының Молодо-тутский ауданындағы Калинино деревнясына жерленген.

ӘЛИАЙДАРОВ Өскенбай (1911, Алматы обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылы Алматы облысының Андреев аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 91-атқ. дивизиясының 561-атқ.полкі құрамында 3-атқ.батальонының партиялық ұйымдастырушысы.
Лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (28.10.1943).

ӘЛИАҚПАРОВ Жұмабек (1918, Іле ауд., Алматы обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылы Алматы облысының Іле аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 252-атқ. дивизиясының 932-атқ.полкі құрамында атқ.взводының командирі. Кіші лейтенант.

«Өжеттігі үшін» медалімен

марапатталған (9.09.1943).

ӘЛИАСҚАРОВ Әйіпбай (1939-жылы Семей облысының Абай аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 6-әуе армиясы штабының арнайы телефон-телеграф взводының командирі.
Лейтенант.

«Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған (2.12.1943).

ӘЛИАСҚАРОВ Ғаббас (1923, №8-а., Ұлытау ауд., Қарағанды обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың мамырында Қарағанды облысының Ұлытау аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 19-мех. бригада штабының байланыс офицері. Кіші лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (10.05.1945).

ӘЛИАСҚАРОВ Омарғазы (1922, Семей обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың 11-желтоқсанында Семей облысының Ақсуат аудандық



әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 938-өзд. жүретін арт.полк құрамында зеңбірек взводының командирі. Лейтенант.

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (30.05.1951).

ӘЛИЕВ Айтжан (1916, Павлодар обл.)

Қызыл Армияға 1936-жылы Павлодар облысының Павлодар аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 559-гауб. арт.полк құрамында 5-батарея командирі. Лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (4.02.1942).

ӘЛИЕВ Амангелді (1918, Тасқұдық с., Жымпиты ауд., Батыс Қаз.обл.)

РККА-ға 1939-жылдың қарашасында Батыс Қазақстан облысының Жымпиты аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 270-атқ. дивизиясының 975-атқ.полкі құрамында атқ.ротасының командирі. Аға лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (9.05.1945).

ӘЛИЕВ Әбубәкір Әлиұлы (1912, Бөрлі ауд., Батыс Қаз.обл.)

Қвзвл Армияға 1942-жылдың 24-мамырында Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 352-атқ. дивизиясының 1158-атқ.полкі құрамында атқ.взводының командирі. Лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (23.05.1945).

ӘЛИЕВ Бақтияр

Ұлы Отан соғысын 150-атқ. дивизиясы клубының бастығы қызметінде аяқтаған. Лейтенант.

ӘЛИЕВ Бақыт (1920, Павлодар обл. – 9.03.1945)

Қызыл Армияға 1940-жылы Павлодар облысынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 544-атқ.полкі құрамында (взвод командирі) 1945-жылдың 9-наурызында қаза тапқан. Лейтенант.



ӘЛИЕВ Ғалым (1923, Жамбыл обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың ақпанында Жамбыл облысының Мерке аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 97-гв. атқ. дивизиясының 292-гв. атқ. полкі құрамында атқ. взводының командирі. **Гв. лейтенант.**

«Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған (17.07.1943).

ӘЛИЕВ Ерімхан (1918, Қармақшы ауд., Қызылорда обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылдың 23-қазанында Қызылорда облысының Қармақшы аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 56-атқ. дивизиясының 213-атқ. полкі құрамында атқ. взводының командирі. **Кіші лейтенант.**

1-ші (23.12.1945) және 2-ші (14.04.1945) дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

ӘЛИЕВ Керімбай (1922, Жамбыл обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың тамызында Жамбыл қалалық

әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 63-мех. бригада құрамында пулемет взводының командирі. **Лейтенант.**

«Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған (5.11.1944).

ӘЛИЕВ Қазкен (1915, Тельман ауд., Қарағанды обл.)

РККА-ға 1942-жылы Қарағанды қаласының Ленин аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 276-атқ. дивизиясының 871-атқ. полкінде атқ. ротасының командирі (1943-1944), 167-атқ. дивизиясының 520-атқ. полкі құрамындағы 2-атқ. батальоны командирінің сап бойынша орынбасары (1944-1945). **Капитан.**

«Жауынгерлік Қызыл Ту» (25.05.1945), 2-дәрежелі «Отан соғысы» (17.10.1944), «Қызыл Жұлдыз» (21.02.1945) ордендерімен марапатталған.

ӘЛИЕВ Қали (1917, Қостанай обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылы Қостанай облысының Торғай аудандық әскери комиссариаты-



нан алынған.

Ұлы Отан соғысында 1196-арт.полкі құрамында СУ-76 командирі. Кіші лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен (5.04.1944), «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

ӘЛИЕВ Қаппар Жанкейұлы



(1919, Қармақшы ауд., Қызылорда обл. – 1962)

Қызылорда педагогикалық училищесін (1939), Ашхабад

танк училищесін

(1941) кіші лейтенант шенімен бітірген.

Ұлы Отан соғысына басынан аяғына дейін жау мүлкін жинайтын 6-дербес батальон құрамында взвод, рота командирі болып қатысқан. Соғысты гв.аға лейтенант шенімен Берлинде аяқтаған.

1945 - 1947 - жылдары Германиядағы Дрезден қаласы әскери комендантының көмекшісі.

2-дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен

(11.03.1944) марапатталған.

ӘЛИЕВ Құлжабек Әлиұлы (1915, Октябрь ауд., Алматы обл. – 16.02.1943, Терновец д., Чугуевский ауд., Харьков обл., Украина)

Қызыл Армияға 1938-жылы Алматы облысының Октябрь аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 111-атқ. дивизиясының 286-арт.полкі құрамында (штабтық батарея командирі) 1943-жылдың 16-ақпанында оққа ұшқан. Лейтенант.

«Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған (14.10.1942).

ӘЛИЕВ Мейрам (1917, Солт. Қаз.обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылдың 23-қыркүйегінде Солтүстік Қазақстан облысының Көкшетау аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 310-атқ. дивизиясының 1080-атқ. полкі құрамындағы 1-атқ. батальонының комсомол ұйымдастырушысы. Кіші лейтенант.



«Қызыл Жұлдыз» орденімен (19.03.1945), «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен (10.07.1943) марапатталған.

Ә Л И Е В М ы р з а х - мет Төленбергенұлы (1915, Қарақалпақ АССР-і, Өзбек ССР-і)

Қызыл Армияға 1938-жылдың қыркүйегінде Өзбек ССР-інің Қарақалпақ АССР-індегі Төрткөл аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 14-гв. танк бригадасы құрамында танк взводының командирі. Гв.лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (4.02.1945).

ӘЛИЕВ Тұрсын (1909, Черняк с., Фрунзе ауд., Оңт.Қаз.обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 4-қазанында Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 328-атқ. дивизиясының 1103-атқ.полкі құрамында (взвод командирі) 1945-жылдың 13-ақпанында жау тылына барлау-диверсиялық тапсырмамен өткенінен кері оралмаған. Лейтенант.

ӘЛИМАНОВ Жұмабек (1913, Қоңырат ауд., Қарағанды обл. – 30.10.1944, Урдзэс д., Иелгавский уезі, Латвия ССР-і)

РККА-ға 1941-жылдың 20-желтоқсанында Алматы облысының Еңбекшіқазақ аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 2-Прибалтика майданы, 10-гв.армия, 8-гв. атқ.дивизиясының 27-гв.арт.полкі құрамында (взвод командирі) 1944-жылдың 30-қазанында қаза тапқан. Гв.аға лейтенант.

1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (21.11.1944).

ӘЛИМАНОВ Қыздарбек (1920, Оңт.Қаз.обл. – 28.04.1942)

Қызыл Армияға Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 14-армия, 14-атқ.дивизиясының 325-атқ.полкі құрамында (взвод командирі) қаза тапқан. Кіші лейтенант.

ӘЛИН Кәрібай (1918, Қызылту ауд., Солт.Қаз.обл.)



Қызыл Армияда 1937-1940-жылдары. 1940-жылы жаяу әскер училищесін лейтенант шенімен бітірген.

Қызыл Армияға запастағы офицер ретінде 1941-жылдың 29-маусымында Солүстік Қазақстан облысының Қызылту аудандық әскери комиссариатынан қайтадан шақырылған. Ұлы Отан соғысында взвод командирі. 1941-жылдың желтоқсанында хабарсыз кеткен. **Лейтенант.**

Ә Л И Н Қ а б д р а ш и т Сыздықбайұлы (1914, Павлодар обл.)

РККА-ға 1937-жылдың қыркүйегінде РСФСР-дің Кемерово облысындағы Кемерово аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 60-армия саяси бөлімінің аға нұсқаушы. Гв.майор (1943).

2-дәрежелі «Отан соғысы» (29.08.1944), «Қызыл Жұлдыз» (12.05.1943) ордендерімен марапатталған.

ӘЛИН Құрманбай (1919, Қарақаралы қ., Қарағанды обл.)

РККА-ға 1943-жылы Қарағанды облысының Қарақаралы аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 395-атқ. дивизиясының 714-атқ. полкі құрамында санитарлық ротаның дәрігері. Мед.қызм.капитаны.

«Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған (29.06.1944).

ӘЛКЕНОВ Серік (1918, №9-а., Ақмола ауд., Ақмола обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылы Қарағанды облысының Қорғалжын аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 157-атқ. дивизиясының 384-атқ. полкі құрамында 45 мм зеңбірек взводының командирі. Гв.кіші лейтенант.

1-дәрежелі «Отан соғысы» (9.02.1944), «Қызыл Жұлдыз» (12.08.1944) ордендерімен, «Өжеттігі үшін» медалімен (29.05.1942) марапатталған.

ӘЛКЕШЕВ Әбдіқадыр (1914, Ақмола қ. – 14.01.1945)

Қызыл Армияға 1942-жылы



Ақмола облысының Ақмола аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 35-гв. атқ. дивизиясының 100-гв. атқ. полкі құрамында атқ. взводының командирі. Гв. лейтенант.

1945-жылдың 14-қаңтарында қаза болған.

2-дәрежелі «Отан соғысы» (16.03.1945), «Қызыл Жұлдыз» (4.10.1944) ордендерімен марапатталған.

ӘЛМАҒАМБЕТОВ Ғани (1916, Қызылорда обл.)

РККА-ға 1939-жылдың қарашасында Қызылорда облысының Сырдария аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 19-гв. атқ. дивизиясы құрамында атқ. ротасының командирі. Аға лейтенант.

2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (19.02.1945).

ӘЛМАМБЕТОВ Мардаш Төлепұлы (1920, Красный Яр с., Астрахан обл., РСФСР)

Қызыл Армияға 1940-

жылы РСФСР-дің Астрахан облысындағы Красноярск аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 202-зап. атқ. полкі құрамында атқ. ротасының командирі. Аға лейтенант.

2 мәрте «Қызыл Жұлдыз» орденімен (22.02.1943, 14.06.1945), «Москваны қорғағаны үшін» медалімен (1942) марапатталған.

ӘЛМАНОВ Балқыбай (1919, Жусалы с., Қызылорда обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың қарашасында Қызылорда облысының Қармақшы аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 8-қосалқы атқ. дивизиясының 165-қосалқы атқ. полкі құрамындағы атқ. батальонының комсомол ұйымдастырушысы. Гв. кіші лейтенант.

2 мәрте 2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған (6.11.1945, 6.04.1985).

ӘЛМЕНОВ Бөлебай (1910,



Қызылорда обл.)

Қызыл Армияға Қызылорда облысының Қызылорда аудандық комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 60-кав. полк құрамында 1941-жылдың 10-қазанында хабарсыз кеткен.

Кіші лейтенант.

ӘЛМЕНОВ Мұса (1923, Бақанас с., Балхаш ауд., Алматы обл.)

Қызыл Армияға Алматы облысының Балхаш аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 89-атқ. дивизиясы құрамында 1943-жылдың 6-наурызында хабарсыз кеткен.

Кіші лейтенант.

ӘЛМЕСОВ Сапа (1918, Өскемен қ. – 23.07.1944)

РККА-ға Алматы облысының Қаратал аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 23-гв.атқ. полкі құрамында 1944-жылдың 23-шілдесінде ауыр жараланудан қаза болған. **Гв.аға лейтенант.**

ӘЛМҰРАТОВ Жолдас (1921, Гурьев обл.)

Қызыл Армияға 1942-жылдың 15-ақпанында Гурьев облысының Маңғыстау аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 85-нв. атқ. дивизиясының 249-гв.атқ. полкі құрамында **миномет взводының командирі. Гв.лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (16.08.1944).

ӘЛМҰХАМБЕТОВ Ғалимат (1916, Орда ауд., Батыс Қаз.обл. – 24.07.1943, Орел обл., РСФСР)

Қызыл Армияға Батыс Қазақстан облысынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 73-атқ. дивизиясы құрамында (**рота командирі**) 1943-жылдың 24-шілдесінде қаза болған. **Лейтенант.**

ӘЛМҰХАМЕДОВ Жанәбіл Досұлы (1908, Ақтөбе қ. – 19.04.1945)

РККА-ға 1941-жылы Ақтөбе қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 52-гв. атқ. дивизиясы құрамында **1945-жылдың 19-сәуірінде оққа**



ұшқан. Гв.аға лейтенант.

ӘЛМҰХАМЕДОВ Шаймардан Досанұлы (1914, Забеловка с., Жетіғара ауд., Қостанай обл. – 30.01.1944)

Қызыл Армияға 1941-жылы Қостанай облысының Жетіғара аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 98-атқ. дивизиясының дербес шаңғы батальоны құрамында (**взвод командирі**) 1944-жылдың 30-қаңтарында қаза тапқан. **Лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен (24.01.1944), «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен (1943) марапатталған.

ӘЛМҰХАМЕТОВ Құран (1907, Батыс Қаз.обл. – 20.12.1942)

Қызыл Армияға Батыс Қазақстан облысының Чапаев аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 293-атқ. дивизиясы құрамында 1942-жылдың 20-желтоқсанында ауыр жараландықтан көз жұмған. **Лейтенант.**

ӘЛМҰХАНОВ Мадерик Әлмұханұлы (1916, Жымпиты ауд., Батыс Қаз.обл.)

РККА-ға 1939-жылы Батыс Қазақстан облысының Жымпиты аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 148-атқ. дивизиясының 507-атқ. полкі құрамындағы 3-атқ. батальонының партиялық ұйымдастырушысы (1943-1944), 1-атқ. батальоны командирінің саяси орынбасары (1944-1945). **Аға лейтенант.**

«Жауынгерлік Қызыл Ту» (6.03.1945), 1-ші (30.05.1945) және 2-ші (29.08.1944) дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

ӘЛМҰХАНОВ Муса Құсайынұлы (1922, Ахтубинка с., Астрахан обл., РСФСР)

Қызыл Армияға 1940-жылдың қазанында Орал қалалық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 159-атқ. дивизиясының 558-атқ. полкі құрамында **пулемет взводының командирі**. Гв.лейтенант.

1-дәрежелі «Отан соғысы» (21.02.1987), «Қызыл Жұлдыз»



(30.06.1945) ордендерімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен (15.10.1942) марапатталған.

ӘЛМҰХАНОВ Хисет (1915, Жанғала ауд., Батыс Қаз.обл. – 24.01.1945, Пути д., Латвия ССР-і)

Қызыл Армияға 1939-жылы Батыс Қазақстан облысының Фурманов аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Екінші Дүниежүзілік соғысқа қатысушы (СССР-Финляндия, 1940). Ұлы Отан соғысында 168-атқ. дивизиясының 402-атқ. полкі құрамында (**атқ. взводының командирі**) 1945-жылдың 24-қаңтарында қаза тапқан. **Лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен (6.08.1944), «Өжеттігі үшін» медалімен (8.09.1943) марапатталған.

Жерленген жері: Латвия, Кулдигский ауданы, Никрацкий селосы

ӘЛНАРОВ Ідіріс (1920, Жамбыл ауд., Жамбыл обл. – 27.11.1942)

Қызыл Армияға Жамбыл облысының Шу аудандық әскери

комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 93-атқ. дивизиясы құрамында 1942-жылдың 27-қарашасында оққа ұшқан. **Кіші лейтенант.**

ӘЛПЕЙІСОВ Қайыржан (1919, Октябрь ауд., Солт.Қаз. обл. – 9.02.1945)

Қызыл Армияға 1939-жылы Солтүстік Қазақстан облысының Полудинский аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Екінші Дүниежүзілік соғысқа қатысушы (СССР-Финляндия). Ұлы Отан соғысында 208-атқ. дивизиясы құрамында 1945-жылдың 9-ақпанында ауыр жараланудан қайтыс болған. **Лейтенант.**

ӘЛПЕШОВ Самиголла (1920, Қаратөбе ауд., Батыс Қаз.обл. – 16.12.1942)

Қызыл Армияға Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында Оңтүстік-Батыс майданға бағынышты 555-атқ. полкі құрамында 1942-жылдың 16-желтоқсанында қаза тапқан. **Кіші лейтенант.**



ӘЛСЕЙІТОВ Жүсіп
Қазанғапұлы (8.01.1914, №9



а., Жұрын ауд.,
Ақтөбе обл. –
6.01.1998, Ақтөбе
қ.)

Ұлы Отан
соғысы бастал-
ғанға дейін
мұғалімдер ин-

ститутын бітірген. 1941-жылдың
шілдесінде Қызыл Армияға
алынғанынша - Ақтөбе
облыстық партия комитетінің
бөлім меңгерушісін атқарады.
Алматыда жасақталған атақты
312-атқыштар дивизиясының бір
ротасына политрук (аға лейте-
нант) шенімен саяси жетекшілікке
тағайындалады. 1941-жылдың
қараша-желтоқсан айларында сол
дивизия құрамында Москваны
жаудан қорғауға қатысады. 1942-
жылы батальон комиссарларын
дайындайтын курста (наурыз-та-
мыз). Курсты бітіргенінде оған аға
политрук (капитан) шені беріледі.
Солтүстік-Батыс майданға қарасты
11-армия құрамындағы дербес
минометшілер батальонының ко-
миссары (1942), командирінің са-
яси орынбасары (1942-1944).

А.Невский орденді
**561-минометшілер полкі ди-
визионы командирінің саяси
орынбасары (1944-1946).**

**1-ші (23.12.1985) және 2-ші
(6.11.1944) дәрежелі «Отан
соғысы», «Қызыл Жұлдыз»
(10.06.1944) ордендерімен
марапатталған.**

ӘЛСЕЙІТОВ Зияда (1912,
Баянауыл ауд., Павлодар обл. –
15.09.1942, Сталинград қ.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың
маусымында Батыс Қазақстан
облысының Каменск аудандық
әскери комиссариатынан
шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 13-гв.атқ.
дивизиясының 42-гв.атқ.полкі
құрамында (пулемет ротасының
саяси жетекшісі) 1942-жылы
15-қыркүйегінде қаза болған.
Гв.кіші лейтенант.

**«Жауынгерлік Қызыл Ту»
орденімен марапатталған
(4.12.1942).**

*Сталинград қаласына жерлен-
ген.*

ӘЛТИНОВ Самиғолла (1920,
Батыс Қаз.обл. – 16.12.1942)



Қызыл Армияға 1940-жылы Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 127-атқ. дивизиясының 555-атқ. полкі құрамында **атқ. взводының командирі. Кіші лейтенант.**

ӘЛШІБАЕВ Есікбай (1915, Алматы обл.)

РККА-ға 1939-жылы Алматы облысының Еңбекшіқазақ аудандық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 258-атқ. дивизиясының 991-атқ. полкі құрамында **атқ. ротасы командирінің саяси орынбасары. Аға лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (28.02.1943).

ӘЛШІМБАЕВ Тілеуберген (1902, Торғай ауд., Қостанай обл. – 1.12.1942, Мишуково д., Молодотутский ауд., Калинин обл., РСФСР)

РККА-ға Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 101-қазақ

дербес атқ. бригадасы құрамында **(1-атқ. батальоны штабаның бастығы)** 1942-жылдың 1-желтоқсанында оққа ұшқан. **Капитан.**

ӘЛШІОРАЗОВ Сәбит (1917, №27-а., Ырғыз ауд., Ақтөбе обл. – 28.10.1944)

Қызыл Армияға 1940-жылдың қазанында Қызылорда облысының Жаңақорған аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 137-атқ. дивизиясы құрамында 1944-жылдың 28-қазанында қаза болған. **Лейтенант.**

ӘЛІБАЕВ Бақи (1903, Қарабұтақ с., Ақтөбе обл.)

Қызыл Армияға 1940-жылы Ақтөбе облысының Қарабұтақ аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 85-гв. атқ. дивизиясының 253-гв. атқ. полкі құрамында **атқ. взводының командирі. Гв. кіші лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (14.10.1943).

ӘЛІБАЕВ Зейнолла (1923, Павлодар қ. – 22.02.1943)



Қызыл Армияға Павлодар қалалық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 331-атқ. дивизиясы құрамында 1943-жылдың 22-ақпанында оққа ұшқан. **Кіші лейтенант.**

ӘЛІБАЕВ Махмед (1925, Балхаш қ., Қарағанды обл. – 27.10.1944)

Қызыл Армияға Қарағанды қалалық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 228-атқ. дивизиясы құрамында 1944-жылдың 27-қазанында қаза тапқан. **Кіші лейтенант.**

ӘЛІБАЕВ Н а с и х а т Төреғазыұлы (1912, Зормата с., Теңіз ауд., Гурьев обл.)

РККА-ға 1941-жылдың 24-маусымында Батыс Қазақстан облысының Жымпиты аудандық әскери комиссариатынан аттанған.

Ұлы Отан соғысында 46-гв. атқ. дивизиясының 522-дербес медсан. батальоны құрамындағы **санит. ротаның командирі. Мед. қызм. майоры.**

2-дәрежелі «Отан соғысы»

(13.06.1945), «Қызыл Жұлдыз» (4.09.1944) **ордендерімен марапатталған.**

ӘЛІБАЕВ Нығметжан (1916, Макинск ауд., Ақмола обл.)

РККА-ға 1939-жылы Ақмола облыстық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 24-атқ. дивизиясының 7-атқ. полкі құрамындағы **3-атқ. батальоны командирінің саяси орынбасары** (1943-1944). **Капитан.**

2 мәрте 2-дәрежелі «Отан соғысы» (25.09.1944, 6.04.1985), «Қызыл Жұлдыз» (20.02.1943) **ордендерімен марапатталған.**

ӘЛІБАЕВ Палихат (1912)

РККА-ға 1941-жылы Қазақ ССР-і әскери комиссариатымен алынған.

Ұлы Отан соғысында 4-гв. атқ. бригадасы құрамында атқ. батальонының әскери дәрігері (1941-1942). 3-екпінді армия госпиталінің хирургі (1942-1944). **Мед. қызм. майоры.**

«Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен **марапатталған** (31.01.1943).



ӘЛІБАЕВ Хасен Нұрғалиұлы (1920, Үржар ауд., Семей обл. – 20.01.1945)

РККА-ға 1940-жылдың 19-қазанында Семей облысының Үржар аудандық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 297-атқ. дивизиясының 1055-атқ.полкі құрамында **атқ.ротасының командирі**. 1945-жылдың 20-қаңтарында қаза тапқан. **Аға лейтенант**.

Александр Невский (9.04.1945), **«Қызыл Жұлдыз»** (28.11.1944) ордендерімен марапатталған.

ӘЛІБАЕВ Шортанбай (1921, Форт-Шевченко қ., Гурьев обл. – 23.01.1942)

Қызыл Армияға Гурьев облысының Шевченко аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 386-атқ. дивизиясының 772-атқполкі құрамында 1942-жылдың 23-қаңтарында оққ ұшқан. **Лейтенант**.

ӘЛІБЕКОВ Әбдісадық (1902, Арыс ауд., Оңт.Қаз.обл.

– 17.09.1944, Валя-Скурта д., Солтүстік Трансильвания)

Қызыл Армияға 1942-жылдың желтоқсанында Қызылорда облысының Жаңақорған аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 53-атқ. дивизиясының 223-атқ.полкі құрамында (**атқ.взводының командирі**) 1944-жылдың 17-қыркүйегінде қаза болған. **Лейтенант**.

«Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған (3.08.1944).

ӘЛІБЕКОВ Дүйсенбай (1906, Жетіғара ауд., Қосатань обл. – 27.01.1945, Штейн д., Бреслау қ., Германия)

РККА-ға 1941-жылы Қостанай облысының Жетіғара аудандық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 31-атқ. дивизиясының құрамында (**өздігінен жүретін арт.қондырғы батареясының командирі**) 1945-жылдың 27-қаңтарында қаза болған. **Капитан** (1944).

1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған



(16.02.1945).

ӘЛБЕКОВ Ерғали (1920, Пресновский ауд., Солт.Қаз.обл. – 4.05.1942, РСФСР)

Қызыл Армияға 1939-жылы Солтүстік Қазақстан облысынан барған. Жаяу әскер училищесін лейтенант шенімен бітірген (1941).

Ұлы Отан соғысында 200-атқ. дивизиясының 642-атқ.полкі құрамында (**атқ.взводының командирі**) 1942-жылдың 4-мамырында оққа ұшқан. Лейтенант.

Ленинград облысының Старорусск ауданындағы Присморжье деревнясынан 1 шақырым солтүстікте жерленген.

ӘЛБЕКОВ Есет Қалиұлы (15.05.1925, Мұқыр а., Рузаев ауд., Солт. Қаз. обл.)

1943-жылы Солтүстік Қазақстан облысынан Қызыл Армияға алынып, Фрунзе (қазіргі Бішкек) училищесіне жіберіліп, оны 1944-жылы кіші лейтенант шенімен бітіргеннен кейін взвод командирі болып, майданға кіші командирлер (сержанттар) дайындаумен айналысады.

Қазақтың көрнекті әскери

қайраткері. СССР ИМ әскери институтын (Москва, 1954) бітірген. 1956-жылға дейін СССР Қарулы Күштері қатарында батальон командирі, полк командирінің орынбасары болған. Кейіннен ұзақ жылдар Қазақ ССР-і Азаматтық қорғаныс штабының бастығын атқарды. **Генерал-лейтенант** (1978).

ӘЛБЕКОВ Ордаш (1919, Оңт. Қаз.обл. – 21.11.1943)

Қызыл Армияға 1939-жылы Шымкент қалалық әскери комиссариатынан кеткен.

Ұлы Отан соғысында 114-дербес атқ.бригадасы құрамында (**атқ.взводының командирі**) 1943-жылдың 21-қарашасында оққа ұшқан. **Лейтенант.**

ӘЛБЕКОВ Орынғазы (1922, Белағаш ауд., Семей обл. – 21.01.1944, Украин ССР-і)

Қызыл Армияға 1942-жылы Шығыс Қазақстан облысының Шемонайха аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 180-атқ.дивизиясының 36-атқ.полкі құрамында (**танкке қарсы**



взвод командирі) 1944-жылдың 21-қаңтарында қаза тапқан. Кіші лейтенант.

Киев облының Таращанск ауданындағы Веселый Кут селосына жерленген.

ӘЛБЕКОВ Рахымжан (1915, Нұра ауд., Қарағанды обл. – 24.07.1944, Литва ССР-і)

Қызыл Армияға 1939-жылдың қыркүйегінде Ақмола қалалық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 1-атқ. дивизиясы құрамында (минометвзводының командирі) 1944-жылдың 24-шілдесінде 751-далалық хирургиялық госпитальде ауыр жараланудан дүние салған. Гв.лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (9.02.1944).

Литва ССР-інің Вильнюс облысындағы Тронский ауданы аумағындағы Жижморы деревнясына жерленген.

ӘЛБЕКОВ Сейілхан (1917, Қызылорда обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың 17-тамызында Қызылорда облысының Тереңөзек аудандық

әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 27-армияның 500-дербес пулемет батальоны құрамында **зенбірек взводының командирі. Лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (21.02.1944).

ӘЛБЕКОВ Тынышбек (1918, №21-а., Ақсуат ауд., Алматы обл.)

РККА-ға 1939-жылы Алматы қаласының Сталин аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 63-зенит.арт.дивизияның 1788-зенит.арт.полкі құрамында **батарея командирі. Аға лейтенант.**

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (10.05.1945).

ӘЛБЕКОВ Хайролла (1917, Самарқанд қ., Өзбек ССР-і)

Қызыл Армияға Өзбек ССР-інің Самарқанд қалалық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында 211-запастағы атқ.полкі құрамында (**взвод командирі**) 1943-жылдың қаңтарында хабарсыз жоғалған. **Кіші лейтенант.**



ӘЛІБЕКОВ Шағман (1912, Қызылорда обл.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың шілдесінде Қызылорда қалалық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 316-атқ. дивизиясының 1073-атқ. полкі құрамында **атпен барлау взводының командирі. Кіші лейтенант.**

«Өжеттігі үшін «медалімен марапатталған (7.11.1941).

ӘЛІБЕКОВ Ысқақ Әлібекұлы (1908, Солт.Қаз.обл.)

Қазақ мемлекеттік медицина институтын бітірген (1938).

РККА-ға 1943-жылы Петропавловск қалалық әскери комиссариатынан барған.

Ұлы Отан соғысында госпиталь бастығы (1943-1944), **атқ.бригадасы мед.қызметінің бастығы** (1944-1946). **Мед.қызм.майоры** (02.1944).

Қазақ ССР-інің еңбегі сіңген дәрігері (1961). **Социалистік Еңбек Ері** (1969).

ӘЛІМБАЕВ Ақан (1921, Таврия ауд., Шығыс Қаз.обл. – 16.01.1943,

РСФСР)

РККА-ға Семей облысының Үржар аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 191-атқ. дивизиясының 552-атқ. полкі құрамында (**5-атқ. ротасының командирі**) 1943-жылдың 16-қаңтарында ажал кұшқан. **Аға лейтенант.**

Ленинград облысының Синявино селосынан 2 шақырым жердегі орманға жерленген.


ӘЛІМБАЕВ Асқар Тортайұлы (1919, Алматы қ.)

Ұлы Отан соғысында 227-атқ. дивизиясы құрамында (**атқ. взводының командирі**) 1942-жылдың 7-шілдесінде Белгород қаласы түбінде қоршауда қалумен тұтқынға түскен. **Лейтенант.**

ӘЛІМБАЕВ Әшір (1914, Свердлов ауд., Жамбыл обл. – 1.03.1945, Чехословакия)

Қызыл Армияға 1943-жылы Жамбыл облыстық әскери комиссариатынан алынған.

Ұлы Отан соғысында 6-атқ. дивизиясының 125-атқ. полкі



құрамында (атқ.взводының командирі) 1945-жылдың 1-наурызында қаза тапқан. **Кіші лейтенант.**

Чехословакияның Калинка селосына жерленген.

ӘЛІМБАЕВ Ғалымжан Сәдуақасұлы (1923, Петропавловск қ.)

Қызыл Армияға 1941-жылдың тамызында Петропавловск қалалық әскери комиссариатынан жіберілген. Артиллерия училищесін лейтенант шенімен бітірген (01.1943).

Ұлы Отан соғысында 2-гв.арт. дивизияның 168-гв.арт.полкі құрамында зеңбірек взводының командирі (1943-1944). Жапониямен соғысты артиллерия дивизионының командирі, капитан шенімен аяқтайды.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (2.04.1944).

ӘЛІМБАЕВ Жаманқұл Шүлембайұлы (1918, Жамбыл обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылы Жамбыл облысының Жамбыл аудандық әскери комиссариатынан

шақырылған.

Ұлы Отан соғысында 100-атқ. дивизиясының 301-атқ.полкі құрамында миномет ротасының командирі. Лейтенант.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған (3.05.1945).

ӘЛІМБАЕВ Жаңаберген (1916, №2-а., Орджоникидзе ауд., Қостанай обл.)

Қызыл Армияға 1939-жылдың 16-қыркүйегінде Қостанай облысының Орджоникидзе аудандық әскери комиссариатынан жіберілген.

Ұлы Отан соғысында 1-атқ. дивизиясының 1-дербес барлау ротасы құрамында взвод командирі. Лейтенант.

